# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

8.11.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№43 (8157)



DÚBIR — ТҰРҒЫНДАР СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ — 2-бет

SAIASAT — ЖОЛ САПАСЫ – ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА — 3-бет

ÁLEÝMET — ҚАЗАҚ ТІЛІ және ЛАТЫН ӘЛІПБИІ — 4-бет

QOǴAM — «САЙТТАНДАР МЕРЕКЕСІН» САЛТҚА АЙНАЛДЫРДЫҚ ПА? — 6-бет


# МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНА ЕСЕП БЕРДІ

**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бауыржан Шыңғысовтың, қала әкімінің орынбасарлары Аманғали Мұхамбедин мен Нұржан Орынбаевтың, қоғамдық кеңестің төрағасы Сағындық Қожамсейітов пен қалалық мәслихат депутаттарының қатысуымен тұрақты комиссия отырысы өтті.**



Тұрақты комиссия отырысында қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жұмысының тоғыз айдағы қорытындысы тыңдалды. Сонымен бірге, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Кеңгірбай Смағұлов кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталса, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Кирилл Данияров суару желілерін жөндеуден өткізудің барысымен таныстырды.

– Бүгінде қалада жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілер саны – 5727, оның ішінде 1027-і – заңды тұлғалар, 4450-і – жеке кәсіпкерлер және 250-і – шаруа қожалықтары. Өткен жылдың сәйкес мерзіміне өсу қарқыны 104,7 % құрады. Кәсіпкерлік субъектілерінің 75 пайызы сауда және қызмет көрсету саласында қамтылған, 7,6 пайызы байланыс және көлік саласында, 5,8 пайызы құрылыста, 7,1 пайызы өнеркәсіпте, 2,6 ауыл шаруашылығында және 1,9 басқа салаларда. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында шағын және орта бизнес субъектілерінде шығарылған өнім (жұмыстар мен қызметтер) көлемі 10 млрд 608 млн теңгені құраса, бөлшек саудадағы тауар айналым көлемі 29 млрд 078,4 млн теңгеге жетті. Жыл басынан бастап шағын және орта бизнес субъектілерінен қала бюджетіне 3,4 млрд теңге салық аударылды. Бүгінгі күнге сауда және қызмет көрсету саласында инвестиция көлемі 522 млн.теңге, 44 жұмыс орны құрылуымен 14 бизнес нысан іске қосылды, жыл аяғына дейін тағы 7 нысан іске қосылады деп жоспарлануда. Іске асырылу сатысындағы ірі нысандар: «Шаруа» базарын жаңғырту, «Самади» гипермаркеті, ойын-сауық орталығы, қонақ үй кешені. Оларды іске қосу келесі жылы жоспарланып отыр, – деген Кеңгірбай Қоңырұлы шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға кеңінен тоқталды.

Атап айтқанда, аймақта «Бизнестің жол картасы – 2020», «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы, «Қарапайым заттар экономикасы», сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамытуға арналған «Сыбаға», «Құлан» бағдарламасы сәтті жүзеге асуда. Жыл басынан «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 205 жұмыс орны сақталып, 107 жаңа жұмыс орнын құрайтын жалпы құны 3 млрд. 368 млн. теңге болатын 30 жоба қаржылай қолдау алса, «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде 204 млн теңгеге 23 жоба қаржылай қолдау тапты. Елбасының тікелей тапсырмасымен қолға алынған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында бүгінгі күнге жалпы сомасы 301 млн теңге болатын 3 жоба қаралуда.

►►2-бетте

# БІЛІКТІ МАМАНДАР – ЖЕЗҚАЗҒАНДА

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

**Қаламыздағы консультативтік-диагностикалық орталықта қазан айының 4-і мен 8-і аралығында Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасынан дәрігер мамандар келіп, Жезқазған тұрғындарына медициналық көмек көрсетті. Екі жақты байланыс арқылы орталыққа шақыртылған дәрігерлер қатарында пульмонолог, невропотолог, ревматолог, нефролог, гастроэнтолог, эндокринолог мамандары бар.**

►►2-бетте



# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ШЫҢДАУҒА

## мол мүмкіндік жасалуда



**Бәсекеге қабілетті ел жастарын тәрбиелеп, олардың сапалы білім алуы, өз шығармашылық қасиеттерін одан әрі дамытуы үшін мемлекетімізде барынша жағдай жасауда. Соның бір дәлелі ретінде қала жастарын қуанышқа кенелткен сүйінші жаңалықтың біз де куәгері болып қайттық. Жезқазған қаласының балалар мен жасөспірімдер сарайы жанынан ашылған «Шығармашылық дамыту орталығы» Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске қосылды.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мен қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов қатысқан салтанатты ашылу рәсіміне мектеп директорлары да қонақ болып, жастар қуанышына ортақтасты. Зина Ақылбекова лентаны қиғаннан соң, мұғалімдер қонақтарды орталық жұмысымен таныстырды.

«Туризм және өлкетану», «Экологтар мен техникалық бағыт» және «Сәндік-қолданбалы өнер» деп аталатын үш бөлімнен тұратын шығармашылық дамыту орталығында 26 үйірме жұмыс істейді. Бүгінгі күнде орталық тәрбиеленушілерінің саны 700-ге жетіп отыр. Ғалым Асайын жетекшілік ететін «Туризм және өлкетану» бөлімінде «Құзға өрмелеу», «Жезтур», «Жас турист», «Жас турист-нұсқаушы», «Жаяу туризм», «Спорттық бағдарлау», «Жас турист-өлкетанушы» атты 7 үйірме бар.

Оқушылардың асқан қызығушылықпен қатысатын бөлімдерінің бірі – «Туризм және өлкетану». Бұл бөлім жұмысына жастарды спортқа баулу – велосипед, шаңғы, коньки және ұлттық спорт түрлеріне баулу жұмыстары кіреді. Сондай-ақ, бұл жерде жас саяхатшылар түсбағдарды қолдану, арқанды пайдаланып үйрену сынды жұмыстарға да бейімделеді. Бөлім шәкірттері жаз бойы еліміздің түрлі сакралды мекендеріне саяхат жасаған. Айта кетер басты жайттың бірі – бөлімде аймақтық «Туған соқпақтар» журналы үздіксіз шығып тұрады.

Ал, «Экологтар бөлімінде» «Жасыл технология» бағыты бойынша бес үйірме жұмыс жасайды. «Жас эколог», «Химия әлемі», «Дендрология», «Жасыл технология», «Гүл өсіру» үйірмелерінде оқушылар мектепте алған білімдерін одан әрі жетілдіруде. Орталық көмегіне Ұлттық бірыңғай тестілеуде химия-биология пәні таңдаған жоғары сынып оқушылары да көп келеді екен. Химия үйірмесінің жетекшісі Мейіз Амзина еліміздің басты шаһарларындағы білім ошақтарына грантқа түсіп жатқан шәкірттерімен мақтанатындығын жеткізді. Шәкірт алғысын арқалаған ұстазға қала әкімінің орынбасары мықты химик мамандарды тәрбиелеп, олардың сүйікті қаламыз Жезқазғанға келіп жұмыс жасауын басты назарға алу керектігін еске салды. Сондай-ақ, сан түрлі бөлме гүлдері өсірілген гидропоника жылыжайлары көз жауын аларлықтай әсемдігімен баурайды. Бөлім педагогтерінің жетістіктері де аз емес. Солардың бірі – орталық ұстаздары Біріккен Ұлттар ұйымының «Экообраз» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған үздік жобалар конкурс-семинарында «Жезқазған аймағында климаттың өзгеруі мен бейімделуіне ықпал ететін агротехникалық технологияларды насихаттау» тақырыбында өз идеяларын ұсынып 1 млн 200 мың теңге грантты иеленген болатын. Соның нәтижесінде қазіргі таңда Ұлытау ауданы, «Пионер» елді-мекені «Ветсервис» шаруа қожалығымен бірлескен жұмыстар ұйымдастыруда.

Он саусағынан өнер тамған шеберлерді дайындайтын «Сәндік қолданбалы өнер» бөлімінде «Сиқырлы саусақ», «Алтын оймақ» және биылғы оқу жылынан бастап жұмысын бастаған, тек дарынды оқушылардан құралған «Колорит» изо-студиясы жұмыс істейді.

►►3-бетте

ОЛИМПИАДА

# БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ

Jastar JYLY QAZAQSTAN 2019

**«Қайда қарасақ та, қайда көз жүгіртсек те көретініміз химия ғажайыптары» деген әйгілі жаратылыстанушы Михаил Ломоносовтың ілімін тереңінен түсініп, Дмитрий Менделеев жасаған 110-нан астам элементтен құралған периодтық кестеден сыр ұққан Қазақстанның болашақ химиктері мысты шаһар төсінде бас қосты. Қаламызда Қаныш Сәтбаевтың 120 жылдығымен тұспа-тұс келген химия пәнінен Қаныш Сәтбаев атындағы ІІІ республикалық олимпиада өтті. 9-сыныптар арасында өткізілген олимпиадаға еліміздің барлық аймақтарынан, Назарбаев зияткерлік мектептері мен республикалық физика-математика мектептерінен барлығы 72 оқушы қатысты.**



Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің базасында өткен олимпиада Халықтар достығы мен мәдениет үйінде қорытындыланды.

Қаламыздағы өнер мектебінің өнерлі жастарының концерттік бағдарламасымен ашылған марапаттау кешінде сахна төріне алғашқы болып ынталандыру сыйлығына ие болған жас химиктер көтерілді. Алмас Полатов, Әділет Мақашов, Мөлдір Аманбай, Бақберген Тілекеев, Алтыншаш Байғали, Арнұр Мырзабеков, Әмина Жақамбаева, Жазира Ысқақоваға Алғыс хат пен ынталандыру сыйлығы табыс етілді. Одан әрі жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан озат шәкірттер анықталып, ІІІ дәрежелі диплом және қола медальмен Маңғыстау облысының «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Бақытжан Нұрқанов, Павлодар облысының дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицейінің оқушысы Тамерлан Масагутов, Павлодар облыстық дарынды балаларға арналған № 8 мектеп-лицейінің оқушысы Милана Галикберова, Маңғыстау облысының «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Санжар Нұрғалиев, Өскемен қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Әнуар Майдан, Алматы қаласындағы № 161 лицейдің оқушысы Аяулым Сәрсенбаева, Атырау облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Нұрдәулет Асхатұлы, Семей қаласындағы дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған лицейінің оқушысы Ернат Тұрарбеков, Нұр-Сұлтан қаласындағы «НұрОрда» лицейінің оқушысы Дінмұхамед Сыбайлас, Қарағанды облысындағы № 1 «Білім-инновация» лицейінің оқушылары Жанасыл Төлеген мен Еламан Әбілдин марапатталды. Ал ІІ дәрежелі диплом мен күміс медаль Өскемен қаласындағы дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған лицейінің оқушысы Арсен Ғазизбеков, Қостанай облысындағы дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицейінің оқушысы Андрей Паршиков, Павлодар қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Альмира Нұрланова, Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Жарасқан Шуітбаев, Маңғыстау облысындағы «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Ерназ Ахметов пен Семей қаласындағы дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған лицейінің оқушысы Абылай Мұратхановқа бұйырды. І дәрежелі диплом мен алтын медальді Қостанай облысының дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицейінің оқушысы Асанәлі Қали, А.Мелькеев атындағы дарынды балаларға арналған Есік мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Мадияр Қасымалы, Қарағанды облысының № 1 «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушысы Асанали Сәлем иеленді. Олимпиаданың екі кезеңі бойынша ең жоғары балл жинаған «Абсолютті жеңімпаз» атағына Нұр-Сұлтан қаласындағы дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицейінің оқушысы Әлихан Смет ие болды.

– Олимпиада өте жоғары деңгейде өтті. Жезқазған қаласында бізге арнайы автобустар бөлініп, түрлі қызықты жерлерді аралатты. Қуанышымда шек жоқ десем де болады. Әсіресе, олимпиаданың екінші кезеңіндегі эксперименттер өте қатты ұнады. Барлық ұйымдастырушыларға айтар алғысым зор, – деді сұхбат барысында «Абсолютті жеңімпаз».

Сондай-ақ, шара соңында химия олимпиадасын ұйымдастыруда ерекше белсенділік танытқан ұстаздар Диас Жұмаділов, Әсел Шәкенова, Лаура Дүйсен, Жақсыгүл Жансейітова, Гауһар Адаеваға Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері Гүлжан Тұрсынбекова Алғыс хаттар табыстап, алғысын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**




# КЕТБҰҚАНЫ ТАНУДЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

**Жақында С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің есеп беру-сайлау жиналысы болып өтті. Қоғамдық ұйым Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданы азаматтарының ынталы тобының бастамасымен 2013 жылы 23 қазанда құрылған болатын. Арада өткен осы 6 жыл ішінде қоғамдық бірлестіктің қолға алуымен Кетбұқа бабаның есімін жұртшылыққа танымал етіп, тарихи тұлғаны кеңінен зерттеп-насихаттау бағытында айтарлықтай ауқымды жұмыстар атқарылды. Рухани жаңғыру бағдарламасы үдесінен шығарлықтай ізгілікті істер жүзеге асырылды. Бұл жөнінде «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіровтің есепті баяндамасында жан-жақты қамтылып айтылды.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Шыны керек, бұрын көпшілік жұрт Кетбұқаны Ұлттық энциклопедия деректері негізіндегі Найманның аузы дуалы, ақылман абызы, күйші-жырау Құба-тегінің шәкірті ретінде ғана танып білген еді. Орыс тарихшылары Л.Н.Гумилев, Г.Н.Потанин аңыз тұлға туралы әріде пікір білдірсе, қазақтың қабырғалы қаламгерлері Мұхтар Мағауин, Ақселеу Сейдімбеков, Тұрсын Жұртбай, Қуаныш Ахметов зерттеу еңбектерінде де Кетбұқа күйші-жырау туралы біршама айтылғаны белгілі. Ал, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің құрылуы абыз тұлғаны кеңінен зерттеп, жаңа пайымдар жасауға жол ашты. Бірлестіктің жанынан «Кетбұқа тану және өлке тарихы» атты ғылыми-зерттеу орталығы құрылды, оны өлкетанушы Кенжал Балкенов басқарып, бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Баяндамашы Кетбұқа абыздың суретінің жобасын анықтап, тиісті нұсқаны таңдауға да айрықша мән берілгенін атап өтті. Осы мақсатта суретшілер мен сәулетшілердің конкурсы ұйымдастырылып, Ш.Сейткенов пен Ө.Жүнісбековтің бірлесіп жасаған жұмысы таңдалып алыныпты. Бірлестіктің тапсырмасымен тарих ғылымдарының докторы Жамбыл Артықбаев «Кетбұқа – жырау, аталық, қолбасшы» тарихи-танымдық кітабын жазды. Бұл Кетбұқаны тереңдеп әрі кеңінен тануға жол салған құнды еңбек болды. Сонымен қатар «Абыз тұлға, аңыз тұлға – Кетбұқа» деген 2014 жылы тағы бір жинақ шығарылған болатын. Бұл кітапқа қаламгер жазушылардың түркі жұртының тарихында маңызды орын алатын, даналығына қаһармандығы сай баһадүрдің өмірі мен ұлы істерін зерделеген зерттеулері, жергілікті басылымдарда жарық көрген өңір зиялы қауымдары мен ақсақалдарының жазғандары топтастырылған болатын. Баспадан шыққан басқа да еңбектер бар.

►►5-бетте

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### МӘЖІЛІС ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА НЫСАНДАРЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ

**Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заң жобасы екінші оқылымда мақұлданды.**

Заң жобасы тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында әзірленді.

– Заң жобасына сәйкес, ендігі жерде тарихи-мұра объектісіне тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесі бұрынғыдай сол объект ашыла салысымен берілмейді. Бұл мәртебе енді оның тарихи маңыздылығын айқындайтын тарихи-мәдени сараптама жасалғаннан кейін ғана беріледі. Әйтпесе, бір кезде ашылған мұраның талайы әлі күнге зерттелмеген, қазылмаған, реставрацияланбаған күйінде жатыр, яғни тек тізімде тұр. Алдағы кезде үш жылдың ішінде, кей жағдайда бес жылдың ішінде олардың құндылығының басы ашылады да, жұмыс жоспарлы түрде басымдық бойынша жүргізіледі. Кім көрінген қолына күрек алып, «қара археологиямен» айналыса бермейтін болуы үшін алдағы кезде археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды өкілетті органның жоспарлауы әрі берген лицензиясы бойынша жүргізу міндеттілігі де заңдастырылғалы отыр, – деді Мәжіліс депутаты Сауытбек Абдрахманов.

Заң жобасы бірінші оқылымда 2019 жылғы 13 ақпанда мақұлданған.

Заң жобасын жетілдіру және оны екінші оқылымда қарауға дайындау барысында депутаттар құжаттың құрылымын арттыруға, жекелеген ұғымдардың редакциясын нақтылау мен жақсартуға негізделген түзетулер ескерілді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасы дүниежүзілік мәдени мұрасының алдын ала тізімін қалыптастыру және ұсыну, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы қызметті салааралық үйлестіру, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану қағидаларын әзірлеу мен бекіту құзыретін нормативтік бекітуге, сондай-ақ, заң жобасының жекелеген нормаларын нақтылауға әрі мазмұнын жасартуға бағытталған түзетулер енгізілді, – деді С. Абдрахманов. Оның сөзіне қарағанда, жұмыс тобы 200-ге жуық түзетуді қарап шығып, олардың 130-ы қабылданған.

### 2020 ЖЫЛДАН БАСТАП ШОБ-тан ТҮСЕТІН КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРГЕ БЕРІЛМЕК

**ҚР Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.**



Заң жобасы Жер, Бюджет, Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік кодекстеріне, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодекске және 12 заңға түзетулер енгізуді көздейді.

Айта кетейік, 2020 жылдан бастап жергілікті бюджеттерге шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын беру ұсынылуда.

– Республикалық бюджетке ірі кәсіпкерлік субъектілерінен ғана корпоративтік табыс салығының түсімдері түсетін болады. Сондай-ақ, облыстық мәслихаттарға шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын облыстық және аудандық бюджет арасында бөлу нормативін белгілеу құқығы берілетін болады. Жергілікті бюджеттерге корпоративтік табыс салығын беру өңірлер экономикаларының, шағын және орта бизнестің дамуын ынталандыратын болады әрі жергілікті бюджеттердің табыстарын ұлғайтады. Жоғарыда айтылған түзетулер заңнаманың кейбір нормаларын сәйкестендіруге, бюджетаралық қатынастар мен мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталға, – деді ведомство басшысы.

Жалпы отырыс барысында Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулин корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджетке беру шешімі өте дұрыс екенін атап өтті.

– Сондықтан енді жергілікті атқарушы органдар барлық қаржыны жинап, тек қана халықтың ең маңызды мәселелерін шешуге жұмсауы керек. Бұл қаржының негізсіз жұмсалуына жол берілмеуі керек. Осы бағыттағы жұмыстарды Үкімет бақылауға алуы керек, – деді Н. Нығматулин.

### ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАР МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 788 МЛН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРЖЫ АУДАРДЫ

**Қазан айында қарағандылықтар медицинаға 788 млн теңгеден астам қаржы аударды. Бұл сома – медициналық сақтандыру қорына өз қызметкерлері үшін жұмыс берушілердің төлеген жарналары мен жеке кәсіпкерлердің жасаған аударымдары.**



Облыстың өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарының бірыңғай жиынтық төлемін (БЖТ) аударудың жалпы сомасы – 1, 270 млн теңге. Өңірде 3 400-ден астам тұрғын медициналық сақтандыру жүйесіне қатысудың осы тәсілін таңдады. Олар ай сайын облыстық маңызы бар қалада тұратын болса 2 525 теңге (1 АЕК) немесе басқа елді-мекендерде тұратын болса 1 263 теңге (0,5 АЕК) төлейді. Бұл ретте соманың 40%-ы медициналық сақтандыру қорына, 30%-ы зейнетақы аударымдарына, 20%-ы әлеуметтік сақтандыруға, 10%-ы жеке табыс салығына түседі.

– БЖТ төлеушілер күн санап артып келеді. Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысудың бұл түрі тұрақты табысы жоқ, ресми жұмысқа орналаспаған азаматтарға, мысалы, күтушілерге, репетиторларға, қосалқы шаруашылық иелеріне қолайлы. БЖТ төлей отырып олар 2020 жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен басқа медициналық қызметтердің кеңейтілген пакетіне қол жеткізе алады, – дейді «Медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Фазыл Копобаев.

# МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНА ЕСЕП БЕРДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Оның ішінде 2 жоба мал шаруашылығын өркендетуді жоспарласа, «Ахтямов» шаруа қожалығы құс фабрикасын ашуды көздеп отыр. Жезқазғанда кәсіпкерліктің дамуы қарқынды екенін нақты мысалдармен көрсеткен Кеңгірбай Смағұловқа халық қалаулылары «Нарық» базарының жай-күйі, «KZ жасалған» маркасымен өндірілетін жезқазғандық өнімдер жайында сауал жолдады.

– Адам көп шоғырланатын коммуналдық базардың тазалығы мен жалпы жағдайы сын көтермейді. Жәрмеңке өткізуге тіпті ыңғайсыз. Қала тұрғындарының денсаулығына алаңдай отырып, жағдайды дұрыстау қажеттігін жеткіземін. Қажет болса жеке кәсіпкермен кездесіп, келіссөздер жүргізейік, – деген Бауыржан Шыңғысов жеке кәсіпкерлер өзіне тиесілі ғимараттар мен аумақтарды ретке келтіріп, абаттандыруға асықпайтынын айтты.

Депутаттар талқылауына өз баяндамасын ұсынған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Сәуле Тұтқышева жыл басынан жұмыспен қамту орталығына 3027 адам жұмыс іздеп, өтініш білдіргенін жеткізді. Нәтижесінде 2829 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Олардың 1593-і жастар екенін айта кеткен жөн. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды да жұмыспен қамту мәселесі күнтәртібінен түспек емес. Биыл аталмыш санаттағы 131 тұлға екі қолға бір күрек тапқан. 596 азамат жұмыстан шығуына байланысты әлеуметтік сақтандыру қорына жинақталған қаржы есебінен әлеуметтік төлем алды. «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жұмыссыз тұрғындарды кәсіпкерлікке баулу, қайта даярлау курстарынан өткізу, жастар тәжірибесі бойынша атқарылған қыруар істер жайы да айтылды. Мәслихат депутаттары табысын жасыру арқылы атаулы әлеуметтік көмек алғандардың қаражатты қайтару жұмыстары қалай жүзеге асқанын сұрап белгілі себептермен аталған көмекті ала алмай жүрген мұқтаж отбасыларға қарайласуды тапсырды.

Коммуналдық салаға жауапты бөлімнің жұмысына да бірқатар сын-ескертпелер айтылды. Оның ішінде қала тұрғындарын алаңдатқан суару желілерін жөндеу жұмыстары сын садағына ілінді. Кирилл Данияровтың баяндамасынан суару желілерін жөндеу жұмыстарына жылда қомақты қаржы бөлінетінін білдік. Мысалы, 2018 жылдың өзінде суару желілерін жөндеу мен күтіп ұстауға облыстық бюджеттен 162,5 млн, қалалық қазынадан 30,4 млн теңге бөлінген екен. Соңғы бес жылда 482,3 млн теңге қарастырылған. Өткен жылы Қостангелді, Бекболатсай мен Пристанционный елді-мекендері мен 7,8-шағын аудандарына ұзындығы 23,7 шақырымды құрайтын жаңа суару желісі тартылған. Биыл облыстан бөлінген 160,0 млн теңгеге 20,3 шақырым желі тартылып, Алаша хан даңғылы, Абай, Сәтбаев, Гагарин көшелерін, М.Жәлел көшесіндегі және «Металлург» саябағын қамтыды. Әуежай бағытындағы саяжайлардың суару желісі жарамсыз күйге түскені де біраздан бері көтеріліп жүр. 13 шақырымдық желінің 85 пайызы тозған көрінеді. Аталған суару желісін қалыпқа келтіру мақсатында жобалық-сметалық құжат әзірлеуге шешім қабылданған. Қазіргі таңда қала бойынша 156,6 км суару желісі бар. Оның 104,4 км коммуналдық меншікте болса, қалғаны қалалық сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорнының балансында. Олардың тозығы 62 пайызды құрап отыр. Биылғы жылға жоспарланған жөндеу жұмыстары аяқталған соң тозған құбырлар 12 пайызға азаймақ. Суару желілерінің мәселесін шешу мақсатында биыл қала әкімінің тапсырмасы шеңберінде ескек есу базасы тұсында жаңа сорғыш стансасын іске қосу қолға алынды. Нәтижесінде Рыбачий, Комбинатский елді-мекендері, 91-94 орамдар мен 7-8 шағын аудандағы суару мәселесі оң шешімін таппақ.

Суару желісін жақын арада қалыпқа келтірмесе жасыл желек атаулы қалмайтынын алға тартқан мәслихат депутаттары мәселені шешуде күш біріктіретінін айтты және сала мамандары алдына нақты тапсырмалар қойды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# БІЛІКТІ МАМАНДАР – ЖЕЗҚАЗҒАНДА

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

– Қазіргі таңда консультативті-диагностикалық орталықта 20 дәрігер маман жұмыс істейді. Олардың барлығы өз істерінің білгірлері десем қателеспеймін. Бірақ, кадр тапшылығы да бары да жасырын емес. Енді біздің орталыққа аллерголог, ревматолог, пульмонолог, гематолог, гастроэнтолог мамандар қажет. Қазіргі таңда резинтурада гематолог және хирург мамандар даярлануда. Олар оқуларын бітірісімен біздің орталықта жұмыс жасайтын болады. Қала тұрғындарына осынау мамандар көмегі қажеттілігін ескере отырып, Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы арнайы шешім шығарып, жезқазғандықтарға көмек көрсетіп отыр. Қажетті дәрігер мамандар бір аптадан соң тағы да келетін болады, – деп атап өтті консультативтік-диагностикалық орталықтың меңгерушісі Сейткамал Лиясов.

Орталыққа келген дәрігерлер тек тұрғындарға ғана жәрдем беріп қоймай, – консультативтік-диагностикалық орталықтың дәрігерлеріне лекция оқып, тәжірибе алмасады. Күрделі жөндеуден өткен орталыққа жаңа медициналық аппаратуралар да алынған. Мысалы, бұдан былай қала тұрғындары су жаңа цифрлы рентген, цифрлы флюорография, цифрлы маммография, УЗИ аппараты, колоноскоп көмегімен емделеуге мүмкіндік алып отыр. Қарағандылық мамандардың көмегіне мұқтаж кез келген қала тұрғыны өзі тіркеуде тұрған отбасылық-дәрігерлік амбулаторияға барып, консультативтік-диагностикалық орталыққа жолдама алу арқылы тексерістен өтіп, консультация ала алады.

– Бұрын қаламызда кейбір мамандар жоқ болғандықтан, облыс орталығына шапқылауға тура келетін еді. Енді алысқа бармай-ақ, Жезқазғанда ем алуға мүмкіндік туып отыр. Сол үшін қалалық денсаулық сақтау басқармасына және дәрігерлерге көп рақмет айтамыз, – десті қаралуға келген қала тұрғындары.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**



# ТҰРҒЫНДАР СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ

**Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесі 2019 жылдың 26 қыркүйегінде өткізген қоғамдық тыңдауда қала жұртшылығы жолдаған сұрақтарған тиісті мекеме мамандары жауап береді.**

***Денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова:***

**Сұрақ:** Менің қызым Е.Батаева – I топтағы мүгедек. Оны оңалту орталығына емдеуге жатқызудың тәртібі қандай? (А.А.Батаева)

**Жауап:** Емдеу хаттамасына сәйкес медициналық оңалту және оңалту емін алу мақсатында ауруханаға жатқызу мәселесін шешу үшін науқас тіркелген алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін мекемеге баруы тиіс.

**Сұрақ:** «Auramed» оңалту орталығында қандай дерттанымдарды емдеуге болады және балаларға арналған қандай қызмет түрлер бар?

**Жауап:** 2018 жылдың маусым айынан бастап Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасы базасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында ашылған 38 орындық «Auramed» балалар оңалту орталығы жұмыс істеп тұр. Аталмыш нейро оңалту орталығы орталық жүйке жүйесі мен тірек-қимыл жүйесі ауруларымен ауыратын балаларды сауықтыру сапасын жақсартады және мүмкіндігі шектеулі балалардың толық әлеуметтенуіне, яғни олардың қоғамға үйренісіп кетуіне ықпал етеді. Оңалту орталығында қызметтердің келесі түрлерін ұсынылады: механотерапия, жаттығу терапиясы, ұсақ моториканы дамытуға арналған эргозон, орталық жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған терапия бөлімі, массаж бөлмесі. Жыл сайын орталықта Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал, Арқалық алалары мен Жәйрем кентінен 1000-ға жуық бала емделіп,-денсаулығын қалыпқа келтіреледі деп жоспарлануда.

**Сұрақ:** Биыл республикалық оңалту орталығына қанша бала жолдама алды?

**Жауап:** Биылғы жылдың 8 айының қорытындысы бойынша «Auramed» балалар оңалту орталығында 172 бала емделді, психоневрологиялық патологиясы бар 60-тан астам бала республикалық балаларды оңалту орталығына жіберілді. Сонымен қатар біз балаларды Қарағандыдағы «Үміт» балаларды оңалту орталығы мен Ақсай, Алматы қаласында орналасқан клиникаларға жөнелтеміз.

**Сұрақ:** Егер науқастанып қалған балалардың медициналық көрсеткіштері оны өзге қалада тексеруден өткізу қажетттігін көрсетсе, сіздердің тараптарыңыздан қандай шара қабылданады?

**Жауап:** Әрине, егер ондай көрсеткіштер болса, біз қарап қалмаймыз. Мүгедек балалар мен 18 жасқа толмаған балаларды жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін Нұр-Сұлтан қаласындағы (АБДҰҒО, ҰҒКО, ТОҒЗИ, ҰҒМО, көз ауруларының ҚазҰЗИ) республикалық клиникаларға және Алматы қаласындағы педиатрия және балалар хирургиясының ғылыми орталығына жібереміз. Бүгінгі таңда аталған медициналық мекемелердің көмегіне 375 бала мен 426 ересек науқас жүгінді.

***Жезқазған қаласының білім бөлімі басшысы Жеңіс Әлмағанбетов:***

**Сұрақ:** Қалалық білім бөліміне қарасты психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің тозығы жеткен ғимаратында орналасқаны белгілі. Аумағы бар-жоғы 120 шаршы метр болатын кабинетте 40 мүмкіндігі шектеулі бала оқытылады. Егер оның аумағын кеңейтер болсақ, 40-50 баланы қамтуға болар еді.

**Жауап:** Ұсынысыңыз өте орынды. Бүгінгі таңда өзекті болып табылатын осы мәселені шешу мақсатында облыстық білім басқармасымен бірлесе жұмыс жасап жатырмыз. Қолайлы ғимарат іздестіріп жатқанымыз тағы бар. Алдағы айларда бұл мәселе толық шешімін табады деуге болады.

***Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйля Әлкебаева:***

**Сұрақ:** Емдеу шипажайларына жолдама мен тірек таяқшасын қалай алуға болады? ( Александр Зуев I топтағы мүгедек).

**Жауап:** Аталған көмек түрлері денсаулық сақтау саласымен бірлесе дайындалған арнайы жобалар негізінде жүзеге асады. Осынау көмек түрлері науқасқа дәрігерлер тағайындаған ем-дом бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының шешімі негізінде көрсетіледі.

**Сұрақ:** Менің отбасымда екі мүмкіндігі шектеулі жан бар. Бірі әйелім –Шынар Байтенова, екіншісі – қызым Айгерім Сексенбаева. Екеуі де II топтағы мүгедек. Екеуінің де көру қабілеттері нашар. Сіздерге қояр сұрағым – бізге емдеу шипажайларына жолдама беріле ме? Және сөйлеу бағдарламасы енгізілген ноутбуктар қашан беріледі? Кезегіміз қашан келеді? (Қайрат Сексенбаев)

**Жауап:** Жұбайыңыз Шынар Байтенова 2016 және 2019 жылдары шипажайда ем алуған болатын. Тифлотехникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге бағытталған арнайы оңалту бағдарламасы аясында 2012 және 2017 жылы көзі нашар көретіндерге арналған плейер мен сағат берілді. 2015 жылы тифломагнитолл алынды. 2017 жылы дауыстық хабарлама орнатылған ұялы телефон, сағат және плейер берілді. Сіздер сөйлеу бағдарламасы енгізілген ноутбуктарға 2018 жылы өтініш түсірдіңіздер. Кезекте 15 тұрғын бар. Сол себепті сабырлық танытып, күте тұруларыңыз керек. Қызыңыз Әйгерім Сексенбаеваға да арнайы оңалту бағдарламасы шеңберінде барлық жәрдем түрлері көрсетілді. 18 жасқа толғанға дейін жыл сайын мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған шипажайларда ем алып отырды. Мекенжайларыңызды Алматы қаласы Бостандық ауданына ауыстыруларыңызға байланысты ноутбукке жазған өтініштеріңіз бізге жетпеді.

**Сұрақ:** 1998 жылы туған қызым Евгения Батаева биыл индустриалды-гуманитарлық колледжді бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. Жұмысқа орналасуда көмектесулеріңізді сұраймын (Антонина Батаева).

**Жауап:** Жұмыспен қамту орталығына құжат тапсыру ұсынылды. Жұмыспен қамту орталығында 02.10.2019 жылы жұмыссыз ретінде тіркелген Евгения 16 қазаннан бастап Жезқазған қаласының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне Жастар практикасынан өтуге жіберілді.

**Сұрақ:** Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналып жабдықталған пойыздың купе вагонына билетті қалай алуға болады? («Ақсауыт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абзал Әбжаппаров).

**Жауап:** Жезқазған – Қарағанды – Нұр–Сұлтан, Жезқазған – Алматы бағытында қатынайтын пойыздарда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы етіліп жабдықталған купе вагондары бар. Жолға шықпай тұрып 1 апта бұрын билетті теміржол вокзалдары кассаларынан сатып алуға болады.

**Сұрақ:** Мүгедектерді тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету қалай жүзеге асырылады.? Биыл 26 қыркүйекке дейін 83 тифлотехникалық құралдың 76-сы әлі жеткізілмеген.

**Жауап:** Мәселені шешуге барлық күшімізді салып жатырмыз. Биылғы жылдың 7 қазаны жағдайына облыстық еңбек және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті ым-ишара және тифлотехникалық жабдықтарды бөлді. Атап айтқанда: 5 ноутбук, 2 көп функциялы сигналдық жүйе, саңырау және нашар еститін адамдарға 3 сағат, 11 тифлоплейлер және 20 глюкометр. Бұл мәселе күнтәртібінен түспейді әрі үнемі бақылауда.

**Сұрақ:** Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі жолға қойылған ба?

**Жауап:** 2019 жылы жұмыспен қамту орталығына барлығы 129 мүмкіндігі шектеулі азамат өтініш білдірген. Бос жұмыс орындарына олардың 56-сы бүгінде орналастырылды. Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 86 адам тартылды, оның 75-і қоғамдық жұмысқа, 8-і әлеуметтік жұмыс орындарына және 3-і жастар практикасына жіберілді. 16 адам қысқа мерзімді курстарға жіберілсе, тағы 12 адам «Бастау-бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде өз ісін ашуға немесе дамытуға бағытталған шағын несиені 1 азамат алды. Ағымдағы жылы мүгедектерді жұмыспен қамту үшін арнайы жұмыс орындарын ашуға 295,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінді. Жұмыспен қамту орталығы мен «Үсен-Есен» ЖК арасында келісім-шарт жасалды. Осылайша, көру қабілеті төмен бір адам жұмыс орны құрылды. Бөлінген қаржы толығымен игерілді.

*Дайындаған* **Диана ОРАЗАЛИНА**

## «7-20-25»

# «ӘРБІР ОТБАСЫНА БАСПАНА АЛУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІН БЕРУ»

***ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту және іске асыру туралы***

Елбасының «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінде айтылған «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бірінші бастамасының міндеттерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысымен «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітті.

Бағдарламаға еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен табысы бар, бағдарлама бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздары және өзге де ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешегі жоқ, сондай-ақ, меншік құқығында тұрғын үйі жоқ Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қатыса алады.

Бағдарламада Қазақстан Республикасының кез келген өңірінде бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алу үшін мынадай құн шегінде ипотекалық тұрғын үй қарызын алу мүмкіндігі қаралады:

**25 млн теңге** – Астана, Алматы және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекаралары шеңберінде олардың қала маңы аймақтары, Ақтау, Атырау, Шымкент қалаларында;

**15 млн теңге** – басқа өңірлерде.

Бағдарламаның операторы «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ болып табылады.

**Бағдарламаның негізгі талаптары:**

Нысаналы мақсаты – бастапқы тұрғын үй сатып алу;

Бастапқы жарна – сатып алынатын тұрғын жылжымайтын мүлік болып табылатын кепілмен қамтамасыз ету құнының 20%-ы;

Қарыздың ең көп сомасы – кепілмен қамтамасыз ету құнының 80%-ы;

Ипотекалық тұрғын үй қарызының валютасы – теңге;

Сыйақының жылдық номиналдық мөлшерлемесі – 7%;

Ипотекалық тұрғын үй қарызының мерзімі – 25 жылға дейін;

Бағдарламаның талаптарына сәйкес банктердің қарыздар беру және қызмет көрсету үшін қарыз алушылардан комиссия алуға құқығы жоқ.

Қарыз алушыларға қойылатын талаптар қоса қарыз алушыларға қолданылмайды, оларға қойылатын талаптарды банк өз бетінше белгілейді. Банк қарыз алушыларға, сондай-ақ, кепіл заты мен құнына қатысты Бағдарламаға қайшы келмейтін қосымша талаптарды белгілеуге құқылы. Қарыз алушы банкке берілетін құжаттар мен ақпараттың шынайылығы үшін жауапты болады.

Ағымдағы мезетте бағдарламаға қатысу үшін жеке тұлғалардан өтінімдерді екінші деңгейдегі 8 банк қабылдайды: «Банк Центр Кредит» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Forte Bank» АҚ және «Сбербанк России» АҚ ЕБ.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2019 жылғы 31 қазандағы жағдай бойынша Қарағанды облысының аталған банктерінің филиалдары 6 424,4 млн. теңге сомасында қарыз алуға 617 өтінім қабылдады. Оның ішінде 3 540,9 млн. теңге сомаға қарыз беруге 336 өтінім мақұлданды.

Бағдарлама бойынша сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қарағанды филиалына мына телефондар арқылы хабарласа алады: **8(7212) 55-93-35, 55-93-30,** сондай-ақ, «Баспана» ипотекалық ұйымына тәулік бойы **+7(727) 227-20-25** нөмірі бойынша немесе **+7(727) 258-49-91** телефоны бойынша хабарласа алады.

Қосымша ақпаратпен «Баспана» ипотекалық ұйымының ресми интернет-ресурсынан мына сілтеме бойынша танысуға болады: **www.baspana72025.kz.**

**«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қарағанды филиалының баспасөз қызметі**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ӨНЕР АДАМДАРЫНАН ДА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты қазақстандықтарға Жолдауы С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры ұжымына да түсіндірілді.**




Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

– Президент өз Жолдауында: «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз. Мен бұл туралы өзімнің сайлау алдындағы бағдарламамда айттым. Үкіметке енді осы мақсатқа үш жыл ішінде кем дегенде 58 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастарды. Осы бағдарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, сондай-ақ бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспар қабылдау қажет» деп нақты атап көрсетті. Бұл жоспарларды жүзеге асыру мақсатында мемлекет қаржы бөлуден аянып отырған жоқ. Біздің ендігі жұмысымыз – Мемлекет басшысына қолдау білдіру, – деді өз сөзінде ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің тарих пәнінің оқытушысы Надежда Дисекенова.

Сондай-ақ, ол Жолдауда сөз болған бейбіт митингілер ұйымдастыру және жас мамандарды ауылда жұмыспен қамту сынды тақырыптарға кеңінен тоқталып өтті. Және еліміздегі ана мен бала денсаулығына алаңдаушылық білдірген ол мүмкіндігі шектеулі балалардың да білім және ем алуына қатысты Президент тапсырмаларымен ақпараттандырды.

Кездесу соңында Надежда Дисекенова түрлі игі шаралардың басында жүрген театр ұжымына алғысын білдіріп, алдағы жұмыстарына да сәттілік тіледі.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ШЫҢДАУҒА

***мол мүмкіндік жасалуда***



***(Соңы. Басы 1-бетте)***

Сондай-ақ, орталықта техникалық бағыттағы «Стэм-лабораторияда да» шәкірттер даярлануда. Бұл жерде қала жастары «Robo Land», «Robo Kids», «Робототехника», «Эко-модельдеу» үйірмелеріне қатысып, өздерін ұшқырлық-танымдық тұрғыдан дамыта алады. 3Д-принтер арқылы бұйымдарды ойдан шығару және құрастыру жұмыстарымен айналысып жатқан жастар жұмыстары көз қуантады. Және аталмыш орталықта қазақтың ұлттық аспабы домбыра үйрену мүмкіншілігіне де қол жеткізуге болады.

– Мен тігін өнеріне өте қатты қызығамын. Бұл орталық туралы мұғалімдерімнен естідім. Сосын дереу «Алтын оймақ» үйірмесіне жазылдым. Бізге ұстазымыз Гүлмира Бегалиева инені ұстау және сабақтаудан бастап тігін машинасын, түрлі әдістер арқылы әлем халықтарының құрақтарын құрастыруды, әшекей бұйымдар жасауды, киімдер үлгісін жасауды тағы да басқа көптеген қолөнер техникаларын үйретті. Мен бұл жерден бұрын мүлде бейхабар болған жұмыстармен танысып, өз қарым-қабілеттерімді шыңдауға мүмкіндік алдым. Сол үшін барша орталық ұстаздарына алғысымды білдіремін, – деген № 11 мектептің 5-сынып оқушысы Айгерім Қойлыбай болашақта әйгілі киім дизайнері болғысы келетінін жеткізді.

Шығармашылық дамыту орталығында бір айға үйірмелерге жазылу 500 теңгені, студияларға жазылу 3000 теңгені құрайды. Көп балалы отбасылардың балалары мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жеңілдіктер қарастырылған.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

АУЫЛ БЕРЕКЕ – 2019

# АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?!

**Жылдағы дәстүрге сай «Нарық» базарында «Ауыл Береке – 2019» ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Жезқазған қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген жәрмеңкеге Ұлытау және Жаңаарқа аудандары мен Жезқазғанға қарасты Талап, Малшыбай мен Кеңгір селолық округтерінен шаруа қожалықтары қатысты.**

Жәрмеңке басында сөз алған Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары А.Мұхамбедин мен кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Кеңгірбай Смағұлов жәрмеңке қатысушыларына сәттілік тілеп, алғысын білдірді. Одан әрі қала тұрғындарына әр аудannan келген өнерпаздар арнайы әзірлеген концерттік бағдарламасын ұсынды. Қазақтың ұлттық ойындарынан жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды.




Жәрмеңкеге Жаңарқа ауданы ауылдарының, Ұлытау ауданы Алғабас ауылдық округінің, Талап, Кеңгір, Малшыбай, Мибұлақ елдімекендерінің ауылшаруашылық тауарлары, сондай-ақ, «Ұлы дала», «Ұлытау Нан», «Сүт жағасы», «Племптицеторг» ЖШС-тері, «Bayan» компаниясы, «Ұлытау флора» АТК өнімдері қойылды. Жәрмеңке барысында базар бағасынан 10-15% төмен бағада жалпы 36,4 тонна ауыл шаруашылық өнімі сатылды. Оның ішінде 10,5 тонна ет өнімдері, 16 тонна көкөніс, 8 тонна картоп, 1,61 тонна сүт өнімдері, 1000 дана жұмырқа, 0,1 тонна басқа да түрлі ауыл шаруашылық өнімдері бар. Жәрмеңке өнімдерінің жалпы құны 29,9 млн теңгені құрады.

– Бүгінгі жәрмеңкені көптен күттік. Себебі, қазір базарда азық-түлік бағасы ыршып тұр. Бұл жәрмеңкеден ет, көкөніс өнімдерін төмен бағада алуға мүмкіндік туды. Ұйымдастырушыларға рақмет айтамын, – деді газетімізге берген сұхбатында қала тұрғыны Айдана Рамамтулла.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ЖОЛ САПАСЫ – ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

**Қарағанды облыстық және Жезқазған қалалық мәслихатының депутаттары жол жөндеу сапасын қадағалау мақсатында қала көшелерін аралады.**




Мердігер «Алмас Құрылыс Қазақстан» ЖШС басшысы Руслан Башарұлымен бірге қала көшелеріне барлау жасаған халық қалаулылары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері алдымен Пушкин көшесінде биыл жөнделген жолдармен танысқанды жөн санады. «Қала – біздің екінші үйіміз» деген облыстық мәслихат депутаты Бауыржан Шыңғысов дұрыс салынбаған жаяу жүргіншілер жолын нұсқады. Одан әрі жолдың жобалық-сметалық құрылысына тоқталған ол құмы бұрқырап жатқан жол жиектері мен мердігер мекеме жұмысшылары жинамай кеткен құрылыс заттарына да ескерту жасады. Омаров көшесіндегі асфальттың қақ ортасынан тас-талқан болып бұзылуының себебін сұраған Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбековке тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің мамандары:

– Бұл жерді жылу құбырларымен қайта жабдықтау кезінде мердігер мекеме қазды. Кейіннен қиыршық тас төсеген болатын. Бірақ, жел салдарынан төселген тас ұшып кетіп отыр, – деген жауап қайтарды. Одан жұмыс тобы Пирогов көшесіндегі консультативті-диагностикалық орталықтың ауласын абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Қала жолдарының сапасын тексеру барысында әкімдік қызметкерлері мен депутаттарға Әміралин көшесінің тұрғыны Людмила Тимошевна көше тазалығына қатысты шағымын білдірді. Келесі аялдама Б.Момышұлы көшесі болды. Руслан Башарұлы көшені асфальттау аяқталғаннан кейін дереу жарықтандыру жұмыстары басталатындығын жеткізді. Сондай-ақ, қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев тұрғындар өтінішіне сай аталмыш көшеге екі жолақты тротуар салыну жоспары қаралып жатқандығын атап өтті. Сонымен қатар, әкімшілік қызметкерлеріне көшелер мен саябақтардағы ағаштардың тамырлары көмілмегендігі және ашық жатқан құдықтар туралы да ескерту айтылды. Аралау соңында Нұржан Орынбаев қатаң сынға алынған ескертпелерді назарға ала отырып, қала әкіміне жеткізетіндігін баяндады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ҚЫСҚЫ ҚАМДАНЫС

***комиссия отырысында сөз болды***



**Қала басшысының орынбасары Нұржан Орынбаевтың төрағалығымен «Қыс – 2019» оқу-жаттығуы шеңберінде комиссия отырысы өтті. Онда құтқару құрылымдары мен арнайы техниканың алдағы қыс мезгіліне дайындығы пысықталды әрі өткен кезеңнің қорытындысы бойынша нақты тапсырмалар берілді.**

Алғашқы болып мінберге көтерілген Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы басшысының орынбасары Сұлтан Ахметов тәулік бойы кезекші диспетчерлік қызмет жұмыс жасап тұрғанын тілге тиек етіп, азаматтық қорғаныс қызметінде барлығы 85 адам мен 25 бірлік техника жұмылдырылғанын жеткізді. Сонымен қатар, республикалық маңызы бар жолдарда төтенше жағдай жарияланған кезде жолаушыларға көмекке келетін қалалық іздестіру және құтқару командасы барын айтты.

– Қалалық іздестіру және құтқару командасының құрамында 36 адамнан тұратын 10 бөлімше бар. Сонымен бірге олар 21 техникамен қамтамасыз етілген. Оның біреуі – өртке қарсы қызметтің балансындағы өтімділігі жоғары «ТРЭКОЛ» техникасы. Жалпы алғанда, төтенше жағдай кезіндегі тамақпен, жанар-жағармаймен қамтамсыз ету мәселесі мен құтқару қызметтерінің дайындығы ұдайы назарда, – деген ол былтыр пеші бар 417 жеке тұрғын үйге (оның ішінде 35 көп балалы отбасының үйі) улы газ бөлінгенде дабыл беретін датчик орнатып, 377 өрт сөндіргіш таратылғанын айтып, сөзін қорытындылады. Келесі болып қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашалығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаев жылу маусымының өтуі мен қыс мезгілінде жолдарды күтіп ұстау бойынша баяндама оқыды.

– 2016 жылы қала әкімінің өкімімен азаматтық қорғау қызметі құрылған болатын. Бүгінде оның коммуналды-техникалық, энергетика мен ЖЖМ, көлік қызметі зардап шеккен тұрғындарды құтқаруға қажетті арнайы техникамен, жолаушылар көлігімен және заттармен қамтамасыз етуді көздейді. 2019-2020 жылғы қыз мезгілінде елді-мекендерді қорғау бойынша арнаы штаб құрылған. Олар ауа-райының қолайсыздығы жолда жүру қаупін жоғарылатқан жағдайда жолды жауып, ол жайында тұрғындарға ескертетін болады, – деген Қуанышбек Келесбекұлы қыста қалаішілік жолдарды ұстауға 26 техника мен 38 адам бөлінгенін айтты. 213,65 шақырымды құрайтын 58 қалаішілік жолдарды екі мезгіл қажет болғанда үш рет қардан тазартатын болады. 48 автобус аялдамасы да күнбе-күн тазаланбақ. Жылу маусымы да кестеге сай жүргізіліп жатқанын мәлімдеген Қуанышбек Сансызбаев әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық нысандарды жылу, жарық және сумен қамту мәселесі диспетчерлік қызметтің қатаң бақылауында екенін жеткізді. Ал, кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы Кеңгірбай Смағұлов төтенше жағдай кезінде қиын жағдайға тап болған тұрғындарды азық-түлікпен, киіммен қамту мәселесіне кеңірек тоқталды. Аталған жағдайда қала бойынша үш жеке кәсіпкер қызмет көрсететін болады. Атап айтқанда, жеке кәсіпкер «Дәулетбаева», «Бегулинова», «Карнаеваға» қарасты арнайы техника мен мамандар оқиға орнына дереу жететін болады.

Отырыс соңында Нұржан Серікұлы жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар беріп, күштік құрылымдардың дайындығын байқады. «Қыс – 2019» оқу-жаттығуы әрі қарай жылу электр орталығы мен республикалық маңызы бар жолдарда жалғасын тапты.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ

**Ақпараттық-насихаттау тобының мүшесі Надежда Дисикенова ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстаның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы жүктеген міндеттерді Жезқазған тарихи-археологиялық музей ұжымына жеткізді.**



Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Музей қызметкерлері ел дамуының бағыт-бағдарын айқындап берген стратегиялық маңызды құжаттың басым бағыттарымен бұған дейін танысса керек, кездесу пікір алмасу форматында өтті. «Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекет көшбасшысы шенінде халыққа жолдаған алғашқы үндеуі ел арасында қызу талқыға түскені белгілі. Бұның бірден бір себебі Жолдауда бүгінгі қоғамда қордаланып қалған өзекті мәселелердің нақты шешімі көрсетілді», – деп баяндамасын бастаған тарихшының сөзін музей қызметкерлері бірінен соңы бірі іліп әкетті. Олар Жолдаудың «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» деп аталған төртінші басымдығында қаузалған мәдениет және өнер саласы қызметкерлерін қолдау шаралары көптің көңілінен шыққанын жасырмады. Президент кітапхана, театр, музей қызметкерлерінің айлығы соңғы жылдары көбеймегенін алға тартып, аталмыш кәсіптің беделін арттыруды тапсырды. Атап айтқанда, еңбекақыны көтерумен қатар, осы саладағы жас мамандарға жеңілдетілген шарттармен тұрғын үй алу мүмкіндігі берілсін деді. Сонымен қатар, мәдениет саласының өкілдеріне міндетті әлеуметтік жеңілдіктер беруді қарастыру қажеттігін айтты.

Жолдауда көрініс тапқан халықпен тиімді кері байланыс орнату, жемқорлықпен күрес, орта және шағын бизнесті дамыту, инвистиция тарту, баға мен тарифтерді реттеу, тұрмысы төмен, көпбалалы отбасыларын әлеуметтік қолдау, ауылшаруашылық, білім, денсаулық салаларын, өнеркәсіпті, туризмді дамыту, бұқаралық спортты өрістету, баспана алуды жеңілдету, елді-мекендердің инфрақұрылымын жетілдіру, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түріне кесілетін жазаны қатаңдату мен зейнетақы жүйесін дамытуға қатысты ұсыныстары да орында екеніне тоқталды. Және көздеген межеге жету уақыт пен халықтың қолдауын талап ететіндігін тілге тиек етіп, Қазақстан халқы бірліктен ажырамай, алдағы белестерді бағындыруда жұдырықтай жұмылуы қажет деген ортақ ойға тоқтады.

Кездесуді қорытындылаған музей басшысы Раушан Қапарова Жолдау жүктеген міндеттерді өміршең ету арқылы ел экономикасы қарқын алып, халықтың әл-ауқаты еселеп артатынына сендірді. Және әріптестерін осы жолда аянып қалмауға шақырып, ақпараттық-насихаттау тобына ризашылығын білдірді.

**Бота ШАЛҚАР**

# ӘҢГІМЕ ӨЗЕГІ – ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

**Бүгінгі таңда отбасында орын алатын тұрмыстық зорлық-зомбылықтың азаймай тұрғаны көпті алаңдатады. Күнтәртібінен түспей тұрған мәселені ашық айтқан үкіметтік емес ұйымдардың мамандары соңғы жылдары тәртіп сақшыларымен бірлесіп акциялар мен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді күшейтті. Дегенмен, жағдай әлі де оңалған емес. Бұл сөзімізге балағат сөз естіп, кемсітілген, жұдырық тиген әйелдердің сотқа, полиция басқармасына түсірген арыздары дәлел. Одан бөлек құқығының тапталғанын жария етуден қашқақтайтындар тағы бар. Осы ретте ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейтуді тапсырған болатын. Президент тапсырмасын орындай отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Жезқазған қалалық соты дөңгелек үстел ұйымдастырды.**




Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық» тақырыбында өрбіген кездесуге қалалық сот судьясы Серік Сәкенов, қалалық прокуратураның прокуроры Гүлім Әбдікәрімова, Жезқазған қалалық ПБ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы Айжан Нұрманова, «Аналар үйінің» басшысы Гүлмира Пирекенова мен кәсіби медиатор Жұлдыз Есмурзина қатысты. Шараны жүргізген судья Серік Сәкенов өз баяндамасында отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер мәселесіне тоқталып, жыл басынан сотта қаралған тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты істер жайында мәлімет берді.

– ҚР ӘҚБтК 73-баптың 1-бөлімі бойынша Жезқазған қалалық сотына 57 іс түскен, оның ішінде 56-сы қаралып, 41 тоқтатылды. Істер бойынша 6 қамаққа алу, 9 ескерту жаза түрлері қолданылса, ал 25 іс медиация тәртібімен аяқталған. ҚР ӘҚБтК 73-бабының 2-бөлімі бойынша 1 іс қаралып, тоқтатылса, ҚР ӘҚБтК 73-1 баптың 1-бөлімі бойынша 148 іс түскен. Оның ішінде 143-і қаралып, 92 тоқтатылды. Істер бойынша 41 айыппұл, 10 қамаққа алу жаза түрлері қолданылса, 43 іс тараптардың бір мәмілеге келуі арқасында аяқталған. ҚР ӘҚБтК 73-2 баптың 2-бөлімі бойынша 1 іс түсіп, қаралып, тоқтатылды, – деген судья биылғы көрсеткішті 2018 жылдың есептік кезеңімен салыстырғанда медиация тәртібімен қысқартылған істер санының артқанын жеткізді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық нәтижесінде көп жағдайда шаңырақтың шайқалатынын тілге тиек еткен дөңгелек үстел қатысушылары аталған мәселені шешудің жолын іздестірді. Және олар отбасын сақтап қалуда медиацияның зор рөлі барын алға тартты. Дегенмен, зорлық-зомбылықтың түбіне балта шабылмаса, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты дұрыстау қиынға соғатынын да жасырмады. Осы ретте жиналғандар отбасы құндылықтарын насихаттауды күшейту қажеттігін айтты. Сондай-ақ, оқу орындары мен жастарға тәрбие беру жұмыстарын нығайту бағытында лекциялар мен семинарлар өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбиелік мәні бар бағдарламалар мен мақалалар легін әзірлеуді ұсынды.

**Өз тілшіміз**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР АШЫҚТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

***Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс***

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырысымен бюрократиялық рәсімдер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және ашықтықты арттыру үшін мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа ауыстыру 2019 жылы 80 %-ға, 2020 жылы 90 %-ға дейін жеткізу міндеті қойылды.**

Департаментте цифрландырудың алғашқы қадамдары 2016 жылдың қаңтар айынан, яғни қызмет алушылардың медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі – МӘС) бөлімінде біріншілік қызмет алу кезінде (бір терезе түрінде) композиттік қызмет көрсетілуі арқылы жүзеге асады. Бұл дегеніміз, мүгедектікті және еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін анықтау кезінде қызмет алушыдан мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақылар мен арнайы мемлекеттік төлемге және еңбек қабілетін жоғалтқан жағдайдағы «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорынан» әлеуметтік төлемге өтініш қабылданады. Бұл өтініштердің сканерленген нұсқасы өз кезегінде өтініш қабылданған күнменен «Мүгедектігі бар тұлғалардың орталықтандырылған деректер қоры» информациялық жүйесі (бұдан ары – «МОДҚ» ИЖ) арқылы тиісті органдарға жіберіледі.

«Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру» мемлекеттік қызметтері электронды түрде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асады.

«Мүгедектікті және/немесе еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін және/немесе әлеуметтік қорғау көлемін анықтау» мемлекеттік қызметті көрсету қазіргі таңда қағаздық форматта жүзеге асып отыр.

2020 жылдан бастап қызмет алушымен тікелей қарым-қатынасты болдырмау мақсатында, қызмет алушының құжаттары медициналық ұйымдардың информациялық жүйесінен «МОДҚ» ИЖ-не түсіп, эксперттік шешім басқа облыстың МӘС мамандарымен анықталатын сырттай куәландыруға көшу жоспарланған.

Қазіргі таңда министрліктің тапсырмасы бойынша Қарағанды облысында «Мүгедектікті және/немесе еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін және/немесе әлеуметтік қорғау көлемін анықтау» мемлекеттік қызметті көрсетудің тікелей және сырттай куәландырудың пилоттық бағдарламасы жүргізіліп жатыр.

«МОДҚ» ИЖ-сінде «қызмет алушының мәліметтерін мемлекеттік мекемелерден сұрау» функциясы бар, яғни қызмет алушының жеке куәлігін, мекен-жай анықтамасын, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде қатысу немесе қатыспау анықтамасын, қызмет алушының қамқоршысының мәліметтерін «МОДҚ» ИЖ-нен электронды форматта ала аламыз. Осыған орай, егерде информациялық жүйеде мәліметтерді растау бар болса, жоғары да аталған анықтамаларды қажет етпейміз. Бұл деген қызмет алушының басқа мемлекеттік мекемелерге баруын қажет еткізбейді.

МӘС жолдама (088/у формасы) МӘС бөліміне «АИС Поликлиника» ИЖ-сі арқылы электронды форматта жіберіледі және кері бағытта МӘС бөлімінің шешімі «АИС Поликлиника» ИЖ-сіне электронды форматта жіберіледі.

Бірақ, МӘС бөлімінің мамандары «АИС Поликлиника» ИЖ-сінен 088/у формасынан басқа ақпаратты көре алмайды, мысалы: стационардан шығару көшірмесі, уақытша еңбекке жарамсыздық қағазы, дәрігер-мамандардың қорытындылары, пациенттің тексерілу қорытындылары және т.б.

«Мүгедектікті және/немесе еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін және/немесе әлеуметтік қорғау көлемін анықтау» мемлекеттік қызметті көрсетудің толық күйде электронды форматқа ауысуы үшін кешенді медициналық информационды жүйенің (КМИС) «МОДҚ» ИЖ-мен интеграциясы қажет. Бұл сұрақтың жауабы қазіргі таңда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деңгейінде қарастырылуда.

Цифровизацияның нәтижесі ретінде «мүгедектікті және/немесе еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін және/немесе әлеуметтік қорғау көлемін анықтау» мемлекеттік қызметті көрсетуді қателіктерге әкелетін қағаз форматынан қоштасуына ықпал етеді. Электронды форматта қызмет ету мемлекеттік қызмет көрсетудің кез келген деңгейінде бақылаудың деңгейін көтереді, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің төмендеуіне ықпал.

Сыбайлас жемқорлықты анықтау мақсатында қызмет алушылардан сауалнама жүргізіледі. 2019 жылдың алғашқы 9 айы көлемінде 2508 қызмет алушыдан сауалнама жүргізілді, оның ішінде 95 % қызмет алушылар «жақсы» деген баға берді.

Департаментте байланыс телефондары көрсетілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы майдан» посты бар. Көрсетілген байланыс телефоны арқылы қызмет алушылар сапасыз көрсетілген қызмет жайлы, қызмет көрсетуші қатарынан этикалық нормалардың бұзылуы жайлы, сыбайлас жемқорлық көрінісі жайлы хабарласуы мүмкін.

Департаментте сенім телефоны бар. Сонымен қатар, ұялы телефонға жүктеп алып, баға беретін QR-кодымен Digital agent (жедел жауап беру мобильді қосымша) жайлы баннер бар.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында Департамент мамандары «Мемлекеттік қызметкерлердің қызметі іс-сапары немесе басқа да қызметі бойынша сапарларындағы жадынамамен» танысты. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлер тұтастық декларациясымен таныстырылып, қол қойылды, әр мемлекеттік қызметкерлердің жеке ісіне байланды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің шараларын жақсарту мақсатында және мемлекеттік қызметкерлердің Сыбайлас жемқорлықпен күресу заңнамасына деген жауапкершілігін жоғарлату мақсатында, 2020 жылдың қаңтар айынан Департаментте МӘС бөлімінің көрсетіліп жатқан аумақтарының ауыстырылуы белгіленді. Мысалы, бұрын белгілі бір аумаққа қызмет көрсеткен МӘС бөлімі енді бас аумаққа қызмет көрсететін болады.

Департаментте сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шаралары көрсетіліп жатқан мемлекеттік қызметті жеңілдетеді және жылдамдатқызады, мамандардың қателіктерінің азаюына ықпал жасайды және де көрсетілген қызметтің кез келген деңгейінде бақылауды жоғарлатады.

**Гүлшат ОСПАНОВА,**
**Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары**

# ҮГІТ-НАСИХАТ ТОПТАРЫ БАҚ СЫНАСТЫ

**Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің тапсырысы аясында «Жезтағлым» қоғамдық бірлестігі «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында үгіт-насихат топтарының байқауын ұйымдастырды. Оған білім ошақтары мен белсенді жастардан құрылған барлығы 13 команда қатысты.**




Сыбайлас жемқорлық ел болашағына елеулі қауіп төндіріп, мемлекеттік экономикалық, мәдени дамуын тежейтініне тоқталған қалалық мәслихаттың депутаты Хансейіт Бөлен жиналған жастарға парақорлықтан бойды аулақ ұстауды ұғындырды. Және қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

Байқаудың шарты бойынша командалар өздерінің жемқорлыққа қарсылықтарын көрсетуі қажет болды. Қатысушылар қиялдарына ерік беріп, тақырыпқа сай көріністер қойып, флеш-моб билеп, арнау айтып қазылар алқасының оң бағасын алуға тырысты. Медициналық колледждің намысын қорғаған «Адал ұрпақ – ел ертеңі» тобы әзірлеген қысқа метражды фильмі парақорлықтың соңы өкінішпен аяқталатынын көрсетсе, болашақ ұстаздарды түлететін гуманитарлық колледждің оқушылары дипломды ақшаға сатып алған «білікті» мамандардың қор болғанын сахналады. Бизнес және көлік колледжінің «Жемқорлықсыз болашақ» командасы пара бермей-ақ жұмысқа орналасуға болатынын жеткізіп, онымен күресу әркімнің міндеті екенін жырға қосты. Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы мен «Алаңым» театрының жастары да өз өнерлерін ортаға салды. №13, 24 орта мектептердің атынан шыққан командалардың жастармен иық тірісе байқауға қатысқанын айта кеткен жөн. Олар мектеп қабырғасында жүрсе де парақорлықтың жолын кесіп, алдын алу жайынан хабардар екенін көрсетті. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қатысы барларға заңмен белгіленген жаза түрлерін атап өтті.

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі III орынды Жезқазған жоғары медициналық колледжі мен №13 орта мектептің командалары иеленсе, жүлделі II орын Жезқазған музыкалық колледжінің «Әділет» және Жезқазған гуманитарлық колледжінің «Саналы ұрпақ» тобына бұйырды. «Алаңым» жастар театрының қатысушылары жүлделі I орында жеңіп алса, Бас жүлде Жезқазған бизнес және көлік колледжі оқушыларының қанжығасында. Жеңімпаз атанған командаларға қомақты қаржылай сыйлық пен грамоталар тапсырылды. Жалпы, үгіт-насихат топтарының байқауында марапатсыз қайтқан команда болмады. Өзге қатысушыларға 25 мың теңгелік сертификат тапсырылды.

**Бота ШАЛҚАР**

# НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ИНСУЛЬТ!

**Бүгінде инсульт алу қаупі егде тартқан адамдармен қатар жастарды да жалмап барады. Сондықтан, дәрігерлер «ауру жасарып келеді» деп дабыл қағып, инсульт орталықтарын ашудың қажеттілігін дәлелдеді. Осылайша, 2012 жылдан бастап ел көлемінде орталықтар ашыла бастады. Бүгінде олардың саны 50-ден асты. 2014 жылы Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасы жанынан ашылған инсульт орталығы дүниежүзілік инсультпен күрес күніне орай «Білгеніңіз – ұзақ өмір сүргеніңіз» атты шара ұйымдастырды.**




Орталықтың емделушілері мен ұжымы, сондай-ақ инсульт жайлы білгісі келген қала тұрғындары қатысқан шараны аурухана директорының орынбасары Ғабиден Аханов ашып берді. Ол өз сөзінде соңғы он жылда Қазақстан әлем елдері бойынша инсульттан көш бастағанын тілге тиек етіп, жаңадан ашылған инсульт орталықтарының адам өміріне араша түсуде атқарған зор үлесіне тоқталып, орталық ұжымына алғысын білдірді. Одан кейін орталықтың меңгерушісі Жандос Жақыпов инсульттің белгілері мен емдеу жолдары хақында кеңінен баяндап берді.

– Ертеректе инсульт көбіне егде жастағы адамдарды айналдырғаны белгілі. Қазір жағдай көп өзгерген. Жезқазғандағы орталыққа жедел жәрдеммен жеткізілген ең жас науқастың жасы – небәрі 25-те еді. Сондықтан, аталған дерттен жас та, кәрі де сақтануы тиіс. Бірінші кезекте, темекі тарту, алкоголь өнімдерін ішу сынды жаман әдеттерден аулақ болған жөн. Сондай-ақ, дұрыс тамақтануға да көп көңіл бөлу керек. Ащы, тұзды және майлы тағамдардың зияны жайы айтып жатудың өзі артық сияқты. Өйткені, олар – көп ауру түрлеріне себепкер, – деген дәрігер инсульт кезінде бас ауруы, дененің бір жағындағы бұлшық еттердің әлсіздігі, сөйлеу қабілетінің нашарлауы сынды белгілері барын айтты. Және инсульт алған адам 4,5 сағаттың ішінде мамандарға жүгінер болса, оны аман алып қалуға болатынын ескертті. Көп жағдайда науқастар инсульт алғанын білмей жүріп қалатын көрінеді. Сондықтан, барша жұрт инсульт жайындағы біліммен қаруалса дейді мамандар.

– Ми қан айналымының өткір бұзылуы кез келген жерде орын алуы мүмкін. Автобуста, жұмыста немесе аялдамада, үйде. Осы сәтте науқас адамның жанындағылар инсультті ажырата білсе, бұл үлкен көмек болары сөзсіз. Егер кімде-кім жағдайы нашарлаған адамды көрсе оны күлдіруге, сөйлетуге немесе екі қолын жоғары көтеруге ұмтылдыруы керек. Егер аталған қимылдарды орындай алмаса науқас инсульт алған болып табылады, – деді.

Жезқазғандық инсульт орталығына Жезқазған-Ұлытау аймағынан күніне кем дегенде екі науқас жеткізілетін көрінеді. 40 минуттың ішінде ол сараптамалардың сан түрін тапсырып, компьютерлік томографиядан өтеді. Инсульт алғаны дәлелденген сәтте дереу емдеу шаралары жүргізіле бастайды. Инсульттің жеңіл түрін өткерген науқас 6 айдың ішінде аяғынан тік тұрса, қиын түрі 2,5 жылды қажет етеді.

– Біздің инсульт орталығы барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған. Науқас аяғынан нық басып кетуі үшін тәулігіне 24 сағат жұмыс жасап жатқан жайымыз бар, – деп орталықтың жұмысымен таныстырған невролог дәрігері Венера Саркеева инсульт алған науқастар жылына төрт мәрте «Луч» оңалту орталығында қалыпқа келтіру ем-домын қабылдайтынын айтты. Және инсульт жағдайына қан қысымының жоғары болуы, қант диабеті, семіздік, жүрек аурулары себепші екенін жасырмады. Сондай-ақ, қазір тұрғындардың басындағы проблемалар мен стресстер, дене қимылының аздығы да инсульт жағдайына апаратын төте жол екеніне назар аудартты.

«Білгеніңіз – ұзақ өмір сүргеніңіз» атты шараға қатысушы Александр Сушков барлық емделушілердің атынан ақ халаттыларға ризашылығын жеткізді.

– Орталық дәрігерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында бүгін мен сіздердің араларыңызда отырмын. Бір жағым қимылсыз қалып, сөйлеу қабілетім нашарлағанда қорыққаным рас. Дегенмен, бүгін бәрі артта қалды. Мен Сіздердің көмектеріңізбен сау адамдардың қатарына қосылатыныма кәміл сенемін, – деп ағынан жарылды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

КОНКУРС

**Жезқазған қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен аспаздық, кондитерлік және шаштараздық шеберлік бойынша мықтылар анықталды.**



# ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

«Foodmaster», «Eurasian Foods Corporation», «3 желания»,«Баскөң», «Төлеуов», «Ұлытау Нан», «Сүт жағасы» ЖШС ұйымдастырған өнімдер көрмесі одан әрі үздіктер конкурсына жалғасты. Шара басында аталмыш бөлімінің басшысы Кеңгірбай Смағұлов сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Шараға қатысушылар «Үздік кондитер» аталымы бойынша түрлі тәттілер дайындап, қазылар алқасының алдына ұсынды. Тамақ дайындауда аспаздар да алдарына жан салмады. Шаштараз мамандар ерлер және әйелдер шаш үлгісін жасау бойынша екіге бөлініп, сынға түсті. Үлкен жауапкершілікпен тыңғылықты дайындалған шеберлер өз істерінің нағыз майталмандары екендігін дәлелдеуге тырысты.

Кондитерлік сайыста жас болса да тәжірибелі мамандармен бақ сынасқан Жезқазған технология және сервис колледжінің студенті Амина Скурат Алғыс хатпен марапатталды. III орынды бала күтімімен үйде отырған ана Шолпан Жандарбекова, II орынды жеке кәсіпкер Жанерке Қожамсейітова, ал I орын, яғни, «Үздік кондитер» атағын Айдана Трахпанова иеленді.

Бармағынан бал тамған аспаздар сайысында Сымбат Кушакенова мен Гүлнара Мұхамедова Алғыс хатпен марапатталып, III және II орындарды «Асыл арман» тойханасының аспаздары Гүлсара Қосанова мен Бақытжан Далбаева қанжығалады. Ал «Үздік аспаз» атағы қытай асханасының тағамдарын әзірлеген «Две палки» кафесінің бас аспазы Қуаныш Тілеубаевқа бұйырды.

«Үздік әйелдер шаштаразы» сайысында қыздарға жасалған әдемі шаш үлгілері көрермендерді қайран қалдырғаны жасырын емес. Сайыс соңында «Jado» сұлулық салонының шаштаразы Гүлжан Есенова Алғыс хатпен марапатталды. «Виктория» сұлулық салонының шаштараз маманы Шубай Ақмарал III орынды, «Комфорт-бьюти» сұлулық салонының шаштараз маманы Махаббат Барекенова II орынды, «Інжу» сұлулық салонының шаштараз маманы Динара Сұлтанова I орынды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Ерлердің шаштараз мамандары да осал еместіктерін дәлелдеп бақты. Ерлер шаштараздарының барлығының таңдауы «андеркат» шаш үлгісіне түсіпті. Соның нәтижесінде «Сина» салонының шаштаразы Бақыт Тәжібаев Алғыс хатты иеленді. Модель жігіттің шашын түрлі түске бояған «Люкс» сұлулық салонының шаштаразы Айна Гумирова III орынға, Жезқазған технология және сервис колледжінің өндірістік оқыту шебері Айкерім Сейтқалиева II орынға ие болды. Ал, I орынмен «ЕА» барбершопының маманы Мадияр Оспанов марапатталды.

Сондай-ақ, шара соңында Жезқазған гуманитарлық колледжінің директоры Айгүл Сапарханқызы өнімдер көрмесіне қатысқан кәсіпкерлерге де Алғыс хат табыстады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# ҚАЗАҚ ТІЛІ және ЛАТЫН ӘЛІПБИІ

Латын жазуының тарихы өте терең, оны қысқаша айтсақ, Италия жерінде Этрусс, Лациум және Кампан деген үш жазықтық жатыр. Лациумнің орталығы б.з.д. VIII ғ. латын тайпасы негізін қалаған Рим қаласы болды. Б.з.б. I ғасырдың аяғында көп жерлерді жаулап алған Рим үлкен мемлекет боп V ғасырға дейін өмір сүрді, бүкіл Жерорта теңізі, Испаниядан Грецияға, Кіші Азия мен Египетке дейінгі және қазіргі Франция территориясы, Англия мен Германияның кейбір бөліктері т.б. жерлер Римнің қол астында болып, римдік мемлекеттің тұрғындары латын тілінде сөйлеген. Осы уақытта билік жүргізген империялық Рим мемлекетінің ресми тілі де латын тілі болғандықтан оның тілі мен жазуы бүкіл антик әлеміне тарап, еуропалық өркениетінің негізі болған. Кейіннен Рим мемлекеті ыдыраған кезде оның құрамындағы түрлі ұлттар да бір-бірінен алшақтап, олардың тілдері де өз жолдарын тапты. Сондықтан қазір латын халқы жоқ, лингвистикалық классификация бойынша латын тілі өлі (яғни, қазіргі кезде қолданылмайтын) италийлік тілдерге жатады. Латын тілінің негізінде ұлттық тілдер, яғни романдық тілдер - итальян, француз, испан, португал, румын және молдаван т.б. тілдері өз алдына қалыптасқан екен. Латын алфавитінің қазіргі бізге жеткен таныс түрі б.з.д VI-III ғ.ғ. қалыптасқан. Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Классикалық латын әліпбиі 26 әріптен тұрады, олар 6 дауысты, 20 дауыссыз дыбысты таңбалайды: Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss,Tt, Uu,Vv,Ww, Xx,Yy, Zz. Латын әріптері роман, герман және басқа да тілдер жазуына негіз болған. Бірақ барлығы да латын әріптерін алғанмен, әр халықтың әліпбииндегі әріптердің бәрі де бірдей фонемаларды таңбалай бермейді, әр әліпбидің өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар.

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі әліпбиін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

Ұлтымыздың басынан үш әліпби жүйесін өткергендігін білеміз. Олар: біріншіден—араб әліпбиі (1929 ж. дейін), екінші—латын әліпбиі (1929-1940 жж.), үшіншісі—кириллицаға негізделген қазақ әліпбиі (1940 жылдардан бүгінге дейінгі қазіргі әліпбиіміз).

Түркітектес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылады. Латын әліпбиин алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде XX ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», – деген болатын. Бұл – XX ғасырдың басындағы қоғамдағы коммуникациялық үрдістерді зерделеуден туған ой болатын.

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда . Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білдірді. Демек, латын әліпбиінің біздің Отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Қазір адамзат баласы XXI ғасырға аяқ басып отыр. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ...

**Алсу МИЗАМБАЙ,**
**Жезқазған қалалық сотының жетекші маманы**

# МҮГЕДЕКТІГІ БАР АЗАМАТТАР ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ОҢАЛТУ ҚҰРАЛДАРЫНА және АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ӨЗДЕРІ ТАПСЫРЫС БЕРЕ АЛАДЫ

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі-Портал) іске қосылып, мүгедектігі бар адамдар техникалық оңалту құралдарға (бұдан әрі -ТОҚ) және урнаулы әлеуметтік қызметтерге өз бетінше тапсырыс бере алады.

«Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартудың Ұлттық жоспары аясында қарастырылған.

Мүгедектерді оңалту құралдарына: протездік- ортопедиялық,сурдо-тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ арнаулы жүріп-тұру құралдары жатады. Арнайы әлеуметтік қызметтер: жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының және санаторийлардың қызметтерін қамтиды.

Бүгінгі күні ТОҚ және жоғарыдағы қызметтер мемлекеттік сатып алу арқылы ұсынылады.

Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында енгізіледі.

Порталдың енгізілуі оңалту қызметтеріне қажеттілікті айқындайды. Ең бастысы, көрсетілетін қызметтер мен оңалту құралдарының қызмет алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мәселелерін шешеді, себебі мүгедектер қажетті құралдар мен қызмет түрлерін өздері таңдай алады.

Порталды енгізу нәтижесінде ТОҚ және арнаулы әлеуметтік қызметтерді проактивті формат арқылы тағайындау бизнес-процестерінің мерзімін 1-2 аптаға дейін қысқарады.

Мүгедектігі бар азаматтардың ұсыныстарына сәйкес техникалық құралдармен оңалту қызметтерінің белгіленген бағаларын өтеу механизмі қарастырылған. Бұл анағұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдау барысында порталда қосымша төлем жасау функциясы қолжетімді болатындығын білдіреді.

Сонымен қатар, сертификаттары бар мамандар кеңінен қолжетімді болады, ал медициналық әлеуметтік мекемелердің бірыңғай тізілімінде барлық медициналық әлеуметтік мекемелердің жабдықталуы мен жүктелуі ескеріледі.

Порталдың іске қосылуы оңалту құралдары мен қызметтер, үйден «бір терезе» арқылы уақытылы , әлеуметтік көмек алу, сонымен қатар жеке қажеттіліктерді есепке алу, өнім берушілер мен қызмет көрсетушілер, әлеуметіік қызметкерлер мен мамандар туралы мәліметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруда әлеуетті өнім берушілердің қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

**«Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі**

ЖЕЗҚАЗҒАН ТЕЛЕДИДАРЫНА 60 ЖЫЛ

# МЕНІ ӨСІРГЕН ТЕЛЕАРНА

**(Телеарнаның 30 жылдығында жазылған естелік)**





Алғаш 1960 жылы, сәуірдің 12-де мен Жезқазған телевизиясының есігін аштым. Міне, содан бері 30 жыл өтіпті. Менімен қатар студияға орналасып, бірге қызмет еткен кісілердің көбі қазір жоқ. Кейбіреулері отбасы жағдайларына байланысты басқа қалаларға көшіп кетті, кейбіреулері оқып жаңа мамандық алып, басқа қызметке ауысты, кейбіреулері арамызда жоқ. Ол уақытта студияның тұңғыш директоры – марқұм Керімбай Көппаев еді. Қазақ тілінде хабарлар дайындайтын редакторлар Әбілқасен Әміралин, Зейнеп Көбеева, тағы басқалар болды. Алғашқы телеоператорлар - Әбдімұрат Тоқпанбаев, Наиль Хаким еді. Бәріміз де жаспыз, жаңа, бұрын көрмеген жұмысқа қызыға кірістік. Уақытпен санаспай редакторлар не десе, соны орындап жүре беретінбіз. Жексенбі күні таңертен 11-ден 14:00 дейін балаларға арналған хабарлар мен көркем суретті фильмдер көрсететінбіз. Мен жағыз өзім ұзақ уақыт диктор болып істедім. Эфирде өтетін: жаңалықтар, көркем-әдеби хабарлар, ауыл шаруашылығына арналған, бөбектерге ертегілер, т.б. хабарлардың бәрін жалғыз өзім оқитынмын. Актерлік арнаулы білімім болмаса да, ертегілерді актерлерше мәніне келтіре оқуға тырысатынмын. Бізге бұлай емес, басқаша оқы деп үйрететін арнаулы маман режиссерлер де болған жоқ. Бірақ өзімізше үйреніп, қызыға, бар ынтамызбен еңбек еттік. Үлкен-үлкен спектакльдер қойдық, қаламызға келген атақты артистер, ғалымдар, жазушы-ақындарды да шақырып, әңгіме өткізетінбіз. Ол кезде техника де қазіргідей емес, бірақ телецентрдің қызметкерлері де өздері жөндеп, ізденіп, уақытында эфирге шығып отыратын.

Текстің мән-мағынасын түсініп, әрбір көрермен жүрегіне жеткізіп оқу әркімнің қолынан келе бермейді. Ол кезде Орталық телевизиясы хабарларын көру біз үшін арман еді. Мен өз басым дикторлық – мәнерлеп оқуды Бүкілодақтық және Қазақ радио дикторларынан өз бетімше үйрендім. Әр сөзге мән беріп, негізгілерін нақтап оқу, дикцияны жетілдіруді Алматыға екі рет дикторлар курсынан лекция тыңдап, майталман диктор-қазақ Левитаны Әнуарбек Байжанбаевтан үйрендім.

Енді бір қызық жағдайды айта кетейін. Жоғарыда жексенбі күндері балаларға арналған программа көрсетеміз дедім ғой. Жазды күні бір жексенбі болатын. Программаны ашуға дайындалып, телеоператорлар жарық қойып жатқан біздерге – дикторларға, мен камераның алдында отырғанмын, бір уақытта менің үстіме үлкен лампочканың бетінде тұратын ауыр шыныдан жасалған линза түсіп кетті. Бәріміз сол жерде шу ете қалдық. Бақытыма қарай ма, бейнетім жоқпа, онша ауыр жарақат алмаған едім. Есімізді жиып, программаны аштық, сол күні жұмысымды аяқтап шықтым.

Міне, содан бері отыз жыл өтіпті. Қазір телехабарларын даярлауда техника сапасы да анағұрлым жақсы, еңбек жеңілденді. Біздің облысымыз бірнеше каналдардан – Москва, Алматы хабарларын көре алады.

Мен өз әріптестерімді, жас мамандарды, көрермендерді Жезқазған телевизиясының 30 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа творчествалық табыс тілеймін! Дендеріңіз сау болсын!

**Шұға НҰРМАҒАНБЕТҚЫЗЫ,**
**еңбек ардагері**

# ШЫРАЙЛЫ ЖЫЛДАР

**Мен «Дидар» телеарнасына 1975 жылы келдім. Ол жылы телерадио комитет болып аталатын. Машбюро деген бөлім болды. Қазақ және орыс тіліндегі жаңалықтар, хабарлар т.б. теледидардан өтетін дүниелердің барлығы осы машбюрода басылып шығады. Мен қазақ тілінде машинка бастым. Ол кезде қазақ тілінде басатын машинкалар бірен-саран болатын. «Жезқазған туы» газетінде және телестудияда ғана еді. Машбюрода үшеуі қазақ, үшеуі орыс тілінде басылды.**



Біздің машбюрода Балкүміс Дүйсенбекова апай аға машинист болып еңбек етті. Ол кісімен қатар мен, Күлайхан Мизамбаева болды. Осы үшеуміз қазақ тілінде бастық. Ол кезде хабарларды, жаңалықтарды эфирге жедел беру үшін редакторлар мәтінді оқып тұратын, біз де үлгеріп басуға тырысатынбыз. Дайын мәтін тездетіп литодан тексеріліп, эфирге берілетін.

Радио хабарларының да мәтіндерін басатынбыз. Ол кезде жаңалықтар редакторлары Ф.Қабылов, радиода Ә.Әбдірешов, Л.Соколова, Ветров, т.б. еңбек етті. Аға редактор С.Мырзатов, радиода С.Байдалин, эфирге шығару секторында Ш.Нұрмағанбетова еңбек етті.

Содан бір күні мені телестудияның директоры Рахымбай Жұматаев шақырып алып, сізді облыстық атқару комитетінің басшысы Қ.Жұмабеков шақырып жатыр, – деді. Облыс басшысы шақырып жатқан соң бардым. Ол кісі жылы жүзді екен, қарағым мен сені өзімнің қабылдау бөліміме жұмысқа шақырамын, – деді. Сіз бірнеше рет менің баяндамамды қазақ тілінде жақсы басып беріпсіз, маған қазақ тілінде сіздей баса алатын адам керек деді. Мен ойланайын, отбасыммен ақылдасып көрейін дедім. Содан бір, екі ай өтті. Баруға ойланып жүрдім. Бір күні Рахымбай Жұматаев тағы да шақырып алып, қарағым Қ.Бижанұлы тағы да хабарласып жатыр деді. Сосын ұят болды ғой, деп баруға бел байладым. Барған соң мені қабылдау бөліміне инспектор етіп алды. Ол 1980 жыл болатын.

Сонда бірнеше жыл бойы еңбек еттім. Аппараттың адамдарымен үйренісе алдым. Ол кезде атқару комитетінің басшысы Қ.Жұмабековтың қарамағында көптеген қызметкерлері өте мықты жұмыстар атқарды. Соның ішінде Қ.Жұмабековтың көмекшілері Қ.Балмағанбетов, Қ.Абильдин, В.Колесников, Р.Сейілбеков, Р.Иманов, т.б. болды. Ұйымдастыру бөлімінің басшысы Жақан Қозыұлы Қошанов болды. Қали Жақанов, Л.И.Бутина, Жалмурзина, Р.Тілеужанова, К, Қабыловтар болды.

Қ.Жұмабеков құрметті демалысқа кетті. Ол кісіден кейін Шардарбеков Шәріпбек келді. Содан кейін қаншама әкімдер келіп, кетіп жатты. Мен де үзілместен 28 жыл еңбек еттім. Содан құрметті демалысқа 2008 жылы сол әкімдіктен шықтым. 2013 жылы мені «Дидар» телеарнасының директоры Базарбай Әлеуханұлы арнаға, бастауыш ардагерлер ұйымына шақырып алып, бұрынғы еңбек еткен ардагерлермен жиын өткізді. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Елизавета Қазанғапқызы Жабагенова болатын. Сол кісі жиын өткізіп, «Дидар» телеарнасының бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы етіп сайлады. Бәрі бірауыздан қолдады. Міне, содан бері осы қызметте еңбек етіп келемін.

Еңбегім бағаланып, бірнеше мақтау грамоталары, «Еңбек ардагері» медалімен, мерейтойлық медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталдым.

**Несібелді БИТЕНОВА**

# КЕТБҰҚАНЫ ТАНУДЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Бірлестіктің ұйымдастыруымен бірнеше ғылыми конференциялар өткізілгенін атап өткен жөн. Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2015 жылдың 20 ақпанында «Қазақ елінің қаһармандық тарихы және Кетбұқа тұлғасы» атты конференцияға Өмірбек Байкелді, Ғарифолла Есім, Мұханбет Көпеев, академик Сейіт Қасқабасов, Қойшығара Салғарин, Жекен Қалиев, сенатор Серік Ақылбай сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысып, сөз сөйледі. Дихан Хамзабекұлы, Рақымжан Тұрысбек, Жамбыл Артықбаев, Тұрсын Жұртбай, Жанат Әскербекқызы, Қаржаубай Сартқожаұлы және басқа да ғалымдар баяндама жасады. Облыстық мәдениет басқармасы мен қала әкімдігінің атсалысуымен 2017 жылдың қазан айында Қызылорда қаласында Жезқазғанның мәдени күндері ұйымдастырылған еді. Осы шара аясында бірлестік Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен бірлесіп «X-XIII ғасырлардағы түркі қоғамы және оның тарихындағы Кетбұқаның орны» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Жезқазғандықтар мәдени күндер аясында Жаңақорған ауданындағы Төлегетай мен Қылышты қожа кесенелерінің басында бабалар рухына арнап ас берді. «Нұр Отан» партиясы Жезқазған қалалық филиалында 2018 жылдың қазан айында өткен «Кетбұқа – жырау, аталық, қолбасшы» тақырыбындағы жас ғалымдардың ғылыми-теориялық конференциясы да тарихи тұлғаны тани түсудегі шоқтықты шаралардың бірі болды. Қоғамдық бірлестіктің ең түпкі мақсаты – Жезқазған қаласының көрнекі жерінен Кетбұқаға ескерткіш орнату болатын.

Еңселі ескерткіш сәтімен бой көтеріп, 2017 жылдың 8 қарашасында салтанатты жағдайда ашылды.

– Ескерткіштің қаржы жағдайы және оны ресми органдарда заңдастырып бекіту мәселелері оңайға түспеді, - дейді «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров. – Үкіметтің «Қазақстанда ескерткіштер мен монументтерді орнату туралы» ережесін басшылыққа ала отырып, ең әуелі қала әкіміне хат жазудан бастаған едік. Әрі қарай облыстық, республикалық органдарға осы өтініш тиісті жолдарымен жеткізілді. Ақырында Мәдениет министрлігінің қолдауымен республикалық Ескерткіштер мен монументтерді орнату жөніндегі мемлекеттік комиссиясының 2015 жылғы 14 тамыздағы №9 қаулысымен Жезқазған қаласында Кетбұқа жыраудың ескерткішін орнату туралы шешім шықты. Ескерткішті жасау жөнінде суретші-мүсіншілер арасында конкурс жарияланып, оған 7 үміткер қатысты. Мемлекеттік комиссия солардың ішінен Асқар Нартовтың жұмысын таңдап алды. Ескерткіш Елордада дайындалды. Қоладан құйылып, тұғыры гранитпен қапталған ескерткіштің 97,8 млн. теңге қаржысын «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС мен ұлт мүддесіне жанашыр азаматтар көтерді. Ғарышкерлер бақжолын қайта жаңғырту жұмыстары барысында «Қазақмыс» ескерткіш айналасын мемориалдық кешенге айналдыру үшін тағы 39 млн. теңге қаржы бөліп, үлкен қолдау көрсетті. Осы орайда корпорация басшылығында болған Бахтияр Қырықпышевтің елге жанашырлығы мен азаматтық көмегін ризашылықпен атап өткім келеді. Сондай-ақ, осы игілікті істің ұдайы басы-қасынан табылған ел азаматы Бауыржан Шыңғысовтың да көмегі айтарлықтай зор болды.

Есепті мерзімде басқарма мүшелерінің 29 рет отырысы өтіп, онда бірлестіктің атқаратын жоспарлары талқыланып отырды. Осыған орай, өндірістер мен оқу орындарында Кетбұқа бабаның өмір жолын насихаттау жолында кездесулер өткізілді. Бірлестіктің ықпалымен әртүрлі деңгейдегі басылымдарда Кетбұқа туралы көптеген мақалалар басылды. «Дидар» телеарнасының ұйымдастыруымен тарихи-танымдық хабарлар, кездесулер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, телехабарлар жүйелі беріліп тұрды. Көпшіліктің ұсынысын ескере келе, «Абыз тұлға, аңыз тұлға – Кетбұқа» атты жинақты 3000 данамен Астана қаласындағы «Фолиант» баспасынан шығарып, оның 2000 данасын Қазақстанның облыс, қалалары мен елді мекендерінің кітапханаларына, оқу орындарына және жеке тұлғаларға тегін таратуды ұйымдастырдық. Жинақты баспаға дайындау жұмыстарын тиянақты атқарған Шахмұрат Ибадатов, Кенжебай Ахметовтерге айтар алғысымыз зор. Жинақтың тұсаукесері 2014 жылы қыркүйек айында осы театрда жергілікті тұрғындар мен еліміздің басқа аймақтарынан және Қырғызстаннан арнайы келген қонақтардың қатысуымен өткізілген болатын. Танымал күйші, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбай 2015 жылы «Ақсақ құлан. Кетбұқаның күй мұрасы» жинағын шығарды. Бұл кітаптың тұсаукесерін де өз мәнінде өткіздік. Өскемен қаласында 2015 жылы 15-16 қыркүйекте Кетбұқа ноян мен Төлегетай бабаға арналған мәдени-рухани шаралар ұйымдастырылды. Осы шараға Жезқазған-Ұлытау өңірінен 30-дан аса адам барып қайттық. Кетбұқаға арналған ақындар мүшәйрасы болды. Ақын, қоғамдық бірлестіктің басқарма мүшесі Ғазиз Ештанаевтың «Кетбұқаның соңғы күйі» поэмасы бас жүлдені еншіледі. Ақын Кенжебай Ахметовтің «Қылыш жүзіндегі ғұмыр» поэмасы 1-ші орын алса, Батырбек Мырзабековтің туындысы 3-ші орынды иемденді. Мүшәйраға түскен өлеңдер «Елдік пен ерлікті жырлаймыз» деген атпен жинақ болып шықты. Жезқазған қаласының 65 жылдығы қарсаңында үстіміздегі жылы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен қала әкімдігі мен қоғамдық бірлестік Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» халықаралық күйшілер конкурсын өткізді. Оған елімізбен қатар Қытайдан, Монғолиядан күйшілер қатысты. Алда халықаралық осы шараны дәстүрлі түрде өткізу үшін Мәдениет министрлігінің іс-шаралар жоспарына енгізсе дейміз. Кетбұқа есімін Жезқазған музыкалық колледжіне берсе деген ұсынысымыз да бар, - деді Т. Бүкіров.

Осы мәселерді байыппен ортаға салған қоғамдық бірлестік төрағасы ортақ іске тікелей атсалысып, бірлесе жұмыс істеген азаматтарға, демеушілік көрсетіп қаржылай қолдау танытқандарға, Кетбұқа тақырыбын тұрақты көтере білген БАҚ басшыларына шынайы алғысын білдірді. Тексеру комиссиясының есебін Айып Байқасынов жасады. Баяндама бойынша жарыссөзде сөз алған қоғамдық бірлестіктің басқарма мүшесі, геология ардагері Сұлтан Сұтбаев, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Батырбек Мырзабеков, ардагер Тағанбай қажы Шамбұлов, өлкетанушы Кенжал Балкенов және басқалары бірлестіктің ел көңілінен шығатындай ауқымды жұмыс атқарғанын атап айтты. Оның басшысы Төлеген Нұрмағанбетұлына шынайы ризашылықтарын жеткізді. Есепті жиналыста басқарманың 15 адамнан тұратын жаңа құрамы сайланды. Бірлестік төрағасы ретінде Төлеген Бүкіровтің өз жұмысын одан әрі жалғастыруын жиналысқа қатысушылар бірауыздан қолдап, оған дауыс берді.

Қоғамдық бірлестіктің жұмысына белсене атсалысқан азаматтарға Жезқазған қаласының Құрмет грамоталары мен бірлестіктің Алғыс хаттары тапсырылды.

**Амандық РАХҰЛЫ**

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН




## БАЙДАЛЫ БИ КЕСЕНЕСІ

Байдалы би кесенесі Осакаровка ауданында орналасқан.

Жасынан би-төрелердің батасын алған. Кейін Абылай хан (1711-1781) тұсында сегіз бидің ең беделді, бас биі болады. Бірде Аралбайдан туған Бәйтелі батыр төре тұқымынан адам өлтіріп, құнды болады. Абылай хан билерін жинап алып, құныкерге өлім жазасын бұйырғанын хабарлайды. Ханның сегіз биінің бірі – немере ағасы Байдалыға Бәйтелі жаутаңдап қарай берсе керек. Сонда Байдалы би: «Несіне қарайсың, лақ құрлы жоқсың ба, бауыздайын деп жатқанда ол да бақырады ғой» дейді. Байдалының сөз астарын түсінген Абылай өлім жазасын кешіріпті. «Жеті жарғыдағы» құн төлеудің нарқы атам заманнан белгілі. Ал бұқара төре тұқымын өлтірсе, бұдан былай екі кісінің құнын тартады. Сондықтан Бәйтеліге осы жаза қолданылсын» дейді. Байдалыдан басқа билер бас шұлғып мақұлдайды. Байдалы: «Тақсыр, хан ием, есік алдында сіздің торы төбел тұлпарыңыз байлаулы тұр. Соның төбеліндегі түгі көп пе, жоқ, тұла денесіндегі түгі көп пе?» депті. Абылай: «Әрине, тұла денесіндегі түк көп» дейді. Сосын сөзін жалғап: «Олай болса, төре тұқымы ат төбеліндей аз. Мен жаңа тетелес інім Жөнекеңе (Байдалы тетелес немере інісін Жөнекең деп еркелетіп атаған. Содан Бәйтелі аты ұмтылып, Аралбайдан тарайтын бір тайпа ел Жөнекең руы атанып кеткен) «Бауыздайын деп жатқанда лақ та бақырады ғой, бақыр» дедім. Ол бақырып аруақ шақырса, ұранға шаппайтын ел болмайды. Сізге қол астыңыздағы қалың бұқара қарсы шығады. Арғысы Арғын, берісі Мейрамның бес баласы дүрліксе, хан болып тұра алмайсыз. Сондықтан адамнан адамның артықшылығы жоқ, төре тұқымына екі құн төлей алмаймыз. Бір кісінің құнын төлейміз, ал құн даулап отырған адамыңыз нағыз төре болса, талша мойнымыз қылша. Бірақ Бәйтелінің жалалы болған адамы күңнен туған, түбі шикі. Сондықтан жарты құн төлейміз» деген екен.

## ЖЕКЕЖАЛ ҚЫСТАҒЫ

*(Әлихан Бөкейханның туған жері)*




Жекежал – XIX ғ. екінші жартысында салынған қыстақ. Жекежал қыстағы Ақтоғай ауданында 1866 жылы Желтау тауының бауырындағы Жекежал де¬ген жерде (Қасым қорасы деп те аталады), Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның туған жері. Қыстақтың қасында суы тұщы бұлақ бар. Семейден, Омбыдан елге келіп-кетіп жүргенде Әлиханның басы¬на шығып, төңіректі шалып отыратын алып қара тас та осы қыстауда. Тастан қаланған қыстақтың орны 300 шақырым жерді алып жатыр. Бес бөлмелі құрылыстың іргетастары сақталған.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алашорда үкіметін құрушы Әлихан Бөкейханның кіндік қаны тамған Жекежал қыстағы қалпына келтірілді. Ал Орталық Қазақстан ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары туған жерден топырақ бұйырмаған ұлт көсемінің зиратын тауып, басына құлыптас орнатып қайтты. Арқаның Ақтоғай өңіріндегі бұл тарихи мекен бүгінде мемлекет қорғауына алынған. Археологтер ескі жұрттың орнын тазартып, екі бөлмелі баспана мен оған іргелес орналасқан қора-қопсыны қалпына келтірді.




## НАРМАНБЕТ АҚЫН КЕСЕНЕСІ

Нарманбет Орманбетұлы – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ ақыны. 1859 жылы Қарабұлақ ауылындағы Тоқырауын және Құсақ өзендерінің түйіскен жері Балқаш көліне тақау Саға деген жерде дүниеге келген.

Жас ақын сегіз жасынан бастап ғұлама Қари мол¬дадан ескіше, татар Хасен Шаяхметұлы деген кісі¬ден жаңаша сабақ алады. Абаймен аталас туыстығы бар. 14 жасқа келгенде әкесі Қарқаралыға апарып, екі кластық орыс мектебіне тапсырады. Орысша бір жылдай ғана оқыған Нарманбет бұдан кейінгі уақытта өз бетімен мұсылманша, орысша білім алады. Өзінің алғашқы өлеңін 14 жасында жаза бастаған.

Нарманбет жырлары өз кезіндегі қоғамдық қай¬шылықтарды әшкереледі, бұқараны оқу-білімге шақырды. Заман шындығы – ақынның поэзиясының басты тақырыбы. Мәселен, оның «Заман», «Аждаһа¬ның аузында», «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер», «Сарыарқа», «Сарыарқа сайран жерім-ай», «Сахараға қарасақ» «Қазақ ұлы, біз тұрмыз» сынды т.б. тақырып¬тағы өлеңдері бар.

Халқын өнерге, оқып-білім алуға шақырып, төгілте жыр төккен ақынның алғашқы өлеңдер жинағы про¬фессор Е. Ысмайыловтың көмегімен 1939 жылы Алма¬ты қаласында жарық көрді.

Ақынның кесенесі Ақтоғай ауданы Ақсудан оңтүстік-шығысқа қарай 18 км жерде орналасқан.

## ҚОЙЛЫБАЙ ӘУЛИЕ КЕСЕНЕСІ




Ұлытау өңіріндегі есімдері көпшілікке кеңінен мәлім болған бақсылар – Қойлыбай мен Балақай. Әл¬кей Марғұланның жазуынша, бұл бақсылар қазақ да¬ласындағы бақсылық дәстүрдің ерте оғыз-қыпшақ дәуірінен бері келе жатқан дәстүр жалғастығының көрінісі ретінде сипаттайды: «...Ұлытауда Қорқытты пірім, ақылшым, ұстазым, сиынатын қорғаушым деп айтушы Бағаналы Қойлыбай бақсы, Бағаналы Балақай бақсы. Бұл да болса, Қойлыбай бақсы бейнесінің уақыт өтсе де, халық жадынан көмескіленбеуінің көрінісі».

...Қойлыбай қобызын әрқашан Жыланшық өзенінің жағасында отырып тартатын болғандықтан, ол өзеннің бір саласы Қойлыбай өзені деп аталған. Бақсылардың атақтысы бағаналылық Қойлыбай – бақсылардың бақ¬сысы әлде пірі. Ескілердің әңгімелеуінше, Қойлыбай бір үлкен бәйгеге қобызын қосып, жарыс басталатын жерге алдын ала қобызды бір үлкен сексеуілге байла¬тады. Бәйгеден келе жатқандардың шаңы көрінгенде, Қойлыбай қолына қылышын алып, бақсылық ойынын бастап, сарын айтады. Кенет бәйге аттары кеткен жақтан қатты дауыл тұрып, ысқырған қызыл жел соға¬ды. Көп ұзамай, дауылының ортасынан алғашқы аттар көріне бастайды, ал бәрінің алдында сексеуілді сүй¬реткен Қойлыбайдың қобызы келе жатады. Шаңды да¬уыл мен қызыл жел Қойлыбайдың Көкаман атты жы¬нының күші еді. Өстіп, Қойлыбай бас бәйгені алыпты.

Қойлыбай өзенінің оң жағалауында, Ұлытау ауылынан батыста, Дулығалы мешітінен оңтүстікке қарай орналасқан.

**«Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары»**

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# «САЙТАНДАР МЕРЕКЕСІН» САЛТҚА АЙНАЛДЫРДЫҚ ПА?

**Қазан айының соңғы күнінде қала көшелерінен бет ауыздарын түрлі-түске бояп, жырым-жырым киім киген жастарды көріп аң-таң болдық. Олардың бұлайша қорқынышты кейіпке еніп, тұрғындар арасында үрей тудырып жүруінің себебі – хэллоуин мерекесі.**




Басты нысаны асқабақтың ішін тазартып, қорқынышты ауыз бен көздерді ойып жасап, ішіне балауыз шам қоятын «бас» саналатын бұл мереке – кезінде қазіргі Англия, Франция және Ирландия мемлекеттерінің аумағында өмір сүрген кельт деп аталатын тайпалардан қалған үрдіс. Күнді басты сыйынушы құдірет күші ретінде таныған олар қыс келісімен күн өлілер патшасы Самхэйннің тұтқынында болады деп есептеген. Жыл маусымдарын тек қыс пен жаз деп екіге бөлген оларда қазан айының 31-інде егін жинау науқаны аяқталып, қыс басталады. Және осы түні патша Самхэйн тірілер мен өлілер әлемінің есігін ашады. Сол түні барлық өлілер, әулиелер біздің әлемімізге еніп, өз үйлеріне түнейді, тірі кездерінде жасай алмай кеткен істерін жүзеге асырады.

Міне, осы бір ежелгі наным-сенімнің қалдығы бүгінгі күнге жетіп, жөн-жосықсыз насихатталуда. Көзі мен аузы жанып тұрған әлгі асқабақ от құдайының символы болған. Кезіндегі түркілік дүниетаным тұрғысынан алғанда отты қасиет тұтқан тәңірлік сеніммен ұқсастығы байқалатыны жасырын емес. Бұл мереке уақыт өте «Хэллоуин» деген атқа ие болған. Қазіргі таңда Америка Құрама Штаттарында Рождестводан кейін халықтың ең көп тойлайтын мерекесі болып есептеледі.

Алғашында Батыс Еуропада үлкен танымалдыққа ие болған бұл мереке Азия құрлығына да жетпей қоймады. Соңғы уақытта біреудің қаңсығын таңсық көрген кейбір қазақ жастары да хэллоуин мерекесін асыға күтетін болған. Соның бір дәлелі – Жезқазған төсінде де «сайтандар мерекесі» аталатын бұл күнді тойлайтын жастар саны жылдан жылға күрт артуы болып отыр. Осы күні қаламыздағы сауда орындарынан қорқынышты бетперделер мен бет бояйтын заттарды іздестірген жастардың қарасы өте көп болды. Тұрғындар демалатын орындарда хэллоуиндік бағдарлама әзірлеп, барынша өз мекемелеріне тұтынушылар тартуға тырысты. Жастар жиі көңіл көтеруге баратын түнгі клубтар да арнайы хэллоуин кешін ұйымдастырды. Бір өкініштісі бұл кеш билеттерін жастар таласып-тармасып алып жатты. Хэллоуин мерекесін жыл сайын қалдырмай атап өтетін жастардың бірі – Ө.А.Байқоңыров атындағы «Ағылшын тілі» тобының білім алушылары. Жыл сайын үлкен дайындықпен қарсы алатын осынау мерекенің сонша не қасиеті барын білмекке аталмыш кафедраның меңгерушісі, ағылшын тілінің шебері, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Зәмзагүл Қашқынбаевамен тілдестік.

– Біз жастарға ағылшын тілін үйрететін болғандықтан, бұл елдің мәдениетін де қоса үйреткенді жөн санаймыз. Жалпыға белгілі, I курсқа енді ғана қадам басқан жастар көбіне студенттік өмірге бірден сіңісе алмайды. Басқа курстарды былай қойғанда, олардың өзара топ ішіндегі қарым-қатынастары да оңайлықпен қалыптаспайды. Әрине, бұл – уақыттың еншісіндегі жұмыс. Осы іс-шараны ұйымдастыру арқылы біз олардың өзара араласуына, тіл табысуына, достасуына себепкер боламыз. Хэллоуин мерекесін атап өту арқылы жыл сайын студенттер арасында «Ең үздік мерекелік костюм иесі» анықталады. Әр түрлі квест ойындары, күлкі және қорқыныш тудыратын ойындар ұйымдастырылады. Хэллоуиндік дастарқан әзірленеді. Бұл арқылы біз өз студенттерімізді ұйымшылдыққа тәрбиелейміз, шығармашылық қасиеттерін дамытамыз. Бізде қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдері де қатар үйретіледі. Бұл пәннің оқытушысы Елена Дергунова студенттермен бірге осы төрт ұлттың мерекелерін атап өтеді. Ал қазіргі таңда Америка Құрама Штаттарында жұмыс жасап жатқан біздің түлегіміз әрі әріптесіміз Салтанат Кәрімсаттарова мұхиттың арғы жағында өз шәкірттерімен бірге ұлттық мерекеміз Наурызды атап өтті. Ол жақта да біздің төл мерекемізді өте жылы қабылдады. Меніңше, өзге халықтардың мәдениетімен кеңінен танысқанда тұрған еш айып жоқ деп санаймын, – деді ол бізге.

Ия, онда тұрған еш сөкеттік жоқ. Бірақ, жаманынан аулақ болып, жақсысын ғана үлгі етсек нұр үстіне нұр болар еді. Айта кетер жайттың бірі, хэллоуинді ежелден атап өтетін Еуропа мемлекеттерінің көбі қазіргі таңда бұл мерекеге заңмен тыйым салып жатыр. Себебі, аталмыш мереке қарсаңында құбыжық киімін киіп көшенің қақ ортасында адамдарды тонап, үйлерге ұрлық-қарлық жасайтын, ғимараттар мен мәдени ошақтарды, көшелердегі аялдамалар мен жарнама тақтайшаларын қиратып кететін жағдайлар өте көп орын алады екен. Тіпті, бұл мерекенің соңы адам өліміне соқтырған жағдайларда аз емес. Психологтардың зерттеуінше, бұл мереке балалар психологиясына өте үлкен залал келтіреді екен. Құбыжық кейпіне енген адамдар балалар санасына үрей мен қорқыныш тудырады. Сондай-ақ, негізгі мәні өлілерді шақыратын бұл мереке адам бойына жағымсыз энергияларды ұялатып, денсаулығына өте үлкен зиян келтіретін көрінеді. Және ислам мемлекеттерімен қатар христиан шіркеулері де хэллоуинді тойлау дінге қарсы, құдайға шек келтіру деп есептеп отыр.

Рас, өзгенің жаңалығын өзіміздікіндей қабылдайтын халықпыз. Содан болар, сырттан келген кез келген дүниеге үйірсек келеміз, астарына үңілмей жылдам бой үйретеміз. Салтқа айналдырамыз. Бірақ, әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа екендігін де естен шығармасақ жөн болар еді. Бөтен жұрттың мәйексіз мәдениетіне жармақтаспай, ұлттық құндылықтарымызды дамылсыз дәріптеп, одан әрі дамытып, қаймағы бұзылмаған қазақтығымыздан айрылмасақ біз бағындырар белес қалмасы анық!

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

АЙТАЙЫН ДЕП АЙТПАЙСЫҢ...

**Алдағы жылы қазақтың ұлы ақыны, философ һәм ағартушысы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығын атап өткелі отырмыз. Осы мерейтой қарсаңында Абай өлеңдерін оқу эстафетасы қызу қарқын алып, оған руханият саласының өкілдерімен қатар әр деңгейдегі басшылық буындағы адамдардың атсалысуы да қуантады. Ұлы ойшылдың өлеңдеріне бойлап, қарасөздерін санаға сіңіру әрине, жақсы үрдіс. Ал, басқа ізгі істеріміз қандай? Мәселен, Абай тойы қарсаңында ескерткішін жаңғырту немесе орнату, көшесін көріктендіру сияқты әлеуметтік сипаты бар мәселелерге мән берілмей отырған сияқты. Осының бір айғағын Жезқазғандағы Абай көшесінің қазіргі жағдайынан айқын көруге болады.**




# АБАЙ КӨШЕСІ АЗЫП БАРАДЫ

Мысты қаладағы ең ұзын әрі басты көшелердің бірі – осы Абай көшесі. Алайда, бойында біршама білім ұялары, мәдени-сауық мекемелері болғанымен, көше бойында адамдардың сейілдеп, тынығуына жағдай жасалмаған. Ұзын көше бойында тізе бүгіп отыратын бірде-бір орындық жоқ. Тіпті кейінгі уақытта жаяу жүргіншілердің табан жолдарының өзі тозып, сиқы кетіп барады. Осыдан 25 жылдай бұрын осы бас көшеге мән беріліп, жаңғырып жаңарғаны есте. Содан кейінгі кезеңде айтарлықтай дұрыс жөндеу көрмегендіктен бүгінде көшенің кетеуі кетіп тұр. Қалада өңірді дамытудың Кешенді жоспарына байланысты көшелерді қазып, құбырларды жаңартудың кеңінен жүргізіліп жатқаны белгілі. Ол жұмыстардың бұл мәселеге қатысы жоқ екені қаперлеріңізде болсын.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді ғой халқымыз. Сол айтпақшы, 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы аясында сол уақыттағы облыс әкімі Қажымұрат Нағымановтың тікелей қолға алып, ұйымдастыра білуімен айтарлықтай жұмыстар атқарылған болатын. Абай көшесіне күрделі жөндеу жүргізіліп, бұрын батпағы шығып жатқан жаяу жүргіншілердің жолына асфальт төселген-ді. Көшенің басына дөңгеленген қос арка қойылып, оған Абайдың ұлағатты сөздері өрнектеліп жазылса, аяқталар тұсына ұлы ақын бейнеленген еңселі мемориалдық көше белгісі орнатылды. Театр алаңында Абай әндерінің әуендері ойнап тұратын болған. Сонымен қатар, ақындар мүшәйрасына, театрлар фестиваліне ұласқан ақын тойы айшықты шараларымен ел есінде қалған еді. Қазір осы ізгі істердің белгісін табу қиын, ақынның ойлы сөзі де көзге шалынбайды. Не болғаны белгісіз, тек 9-орамдағы Абай бейнеленген көшенің мемориалдық белгісі ғана тұр.

Міне, жыл аяғы жақындап қалды. Атқарылған істерімізді сарапқа салып, алдағы межелерді белгілейтін кезеңде ұлы Абайдың мерейтойына қатысты шаралар да белгіленетін шығар деп үміттенеміз. Сол сәтте қала басшылары азып бара жатқан Абай көшесін абаттандыру жайын естен шығармаса екен дейміз.

**Амандық РАХҰЛЫ**

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

# ОЙЫН АЛАҢЫН ЖӨНДЕУДІ СҰРАЙМЫЗ

**Қолға қалам алып «Saryarqa» газеті арқылы жергілікті билік өкілдеріне ашық хат жолдауыма Сарыарқа көшесіндегі 18-үйдің алдындағы балаларға арналған ойын алаңының мүшкіл жағдайы түрткі болды. Оның ел игілігіне берілгеніне желтоқсан айында небәрі екі жыл болады. Дегенмен, алаңқайдың қазіргі кейпі көңіл көңшітпейді.**



Бір қарағанда алаңқайдың осыншама тоз-тоз күйге түсуі тұрғындардың, балалардың оған қамқорлық танытпауынан деп жорамалдай салуға келеді. Алайда, бұған себеп – ойын алаңының құрылысына мердігер атүсті қарап, жұмыс барысында қадағалаудың болмауы дер едік. Біздің орамға спортпен шұғылданып, ойнауға қажеттінің бәрімен жабдықталған ойын алаңын тұрғызады дегенде қуаныштан бөркімізді аспанға аттық. Өйткені, бұрын соңды бізде мұндай ойын алаңдары жоқ-тын. Сондықтан, көшенің үлкендері болып, ойын алаңының қазығы қағылған сәттен бастап құрылыстың басы-қасында жүрдік. Құрылысшыларға бірнеше мәрте ескерту жасаған кездеріміз де болды. Бірақ, қолда билік болмағасын, олар бізді қайтсін?!

Қыстың көзі қырауда пайдалануға тапсырылған алаңды абаттандыру жұмыстары толық аяқталмағанын көрдік. Бірақ ашылу салтанатына келген атқамінерлер мен мердігер күн жылысымен гүлзар жасап, жасыл желек отырғызамыз, топырақ әкелеміз деп уәдені үйіп-төкті. Уәде, уәде күйінде қалды. Көршілермен бірігіп шелекпен топырақ тасып, тал отырғызған болдық. Оны суаратын су таппай тағы сенделдік. Алаңды қоқыстан тазартуды да ел болып, қолға алдық. Қуанышымыз ұзаққа бармай алаңның төсемесі қармен бірге «ери» бастады. Жұлма-жұлма төсемеге сүрініп, құлаған балаларды көргенде ішін удай ашиды. Құлағаны былай тұрсын, балақайлар жарамсыз күйге түскен сырғанақ пен әткеншектерден түрлі жарақат алып жатыр. Аяғын сындырғандары да бар. Алаңды жарықтандыратын сегіз бағанда небәрі үш-ақ шам жанып тұр. Осы мәселені жеткізбек болып қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөліміне сан бардық. Олар өз кезегінде «реттейміз» деумен болады. Бірақ, күні бүгінге дейін еш өзгеріс жоқ.

Осы ретте орам тұрғындары атынан ойын алаңқайын жөндеп, оны пәтер иелері кооперативінің балансына өткізуді сұраймыз. Жертөледен су құбырын тартып берсе, тал отырғызып, суаруды өз мойнымызға алуға әзірміз. Өйткені, ел болашағы саналатын жас ұрпақ таза, әдемі әрі қауіпсіз жерде ойнауы керек.

**Қуандық ӘБІЛОВ,**
**Жезқазған қаласының тұрғыны**

# «САМАДИДІҢ» НАНЫ НЕГЕ ШИКІ?



Күнделікті дастарханымыздан түспейтін ас атасы – нан. Қаламызда нан пісіретін наубайханалар баршылық. Әрине, әркім өз қалауы бойынша қалтасы көтеретін нан түрін үйінің немесе жұмысының маңындағы сауда орындарынан сатып алады. «Қалтасы көтереді» дегенге екпін беруімнің де себебі жоқ емес. Өйткені, біздегі нанның бағасы өзге қала, аудандармен салыстырғанда анағұрлым қымбат. Күнделікті шарықтаған бағаға көзде үйренісіп қалғаны сонша, сатушы «120 теңге» десе де таң қалмайтын болдық. Дегенмен, алған нанның шала піскенін көргенде, үндемей қалу мүмкін емес.

Мен де қалың көпшіліктің бірі ретінде жұмыстан шыққанда «Мир» даңғылында орын тепкен «Самади» супермаркетінен нан алып жүрдім. Бағасы әу баста 45 теңгеден басталған нан бүгінде 63 теңгеге бірақ барды. Үйге әкеліп жүрген нанымның қазір сапасы нашарлаған. Кешкі ас дастарханына тураған наным шикі болғанда, өзімді қоярға жер таппағаным рас. Өйткені, сабақтан қарны ашып келген бала-шағаны түнделетіп дүкенге жұмсауға тура келеді.

Сырты бүтін, іші түтін екі бөлке нанды алып, ертеңіне дүкенге қайта өткіздім. Дүкеннің әкімшілігі кешірім сұрамақ түгілі наубайшыларының қателігін мойындауға асықпады. Араға екі апта салып, тағы нан алдым. Жағдай тағы қайталанды. Бұл жолы әкімшілік өзімді айыптауға көшті. «Нанның шикі болғаны – ұннан. Сізден басқа ешкім шағым айтып келмейді», – деп жекіді.

Мені тұтынушы ретінде алаңдататыны – ел көп тұтынатын нан өнімдерінің дүкен сөресіне түспес бұрын салмағы мен сапасы тексеріле ме деген сұрақ. Тексерілер болса, мұндай олқылық орын алмас еді деп ойлаймын. Кәсіпкерлерге «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа болмаса» ертеңгі күні алатын өнім мен қызметтің сапасы мүлде нашарламайтынына кім кепіл?...

Неге біз, тұтынушы, маңдай термен тапқан адал ақшамызға сапасыз өнім алуымыз қажет?!

**Бикен МҰХАНБЕТРАХЫМҚЫЗЫ**

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІК БАСТАУЫ

# БІЛІМ РЕФОРМАСЫНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ




**Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалыс қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. «Тұғыр» деген сөздің өзі діңгек, қазық деген мағынада қолданылады. Демек, тұғырымыз мықты болса, құламайтын, теңселмейтін, өмір ағымында нық тұратын халық бола аламыз.Ана тілімізді білу, қадірлеу – ең басты міндетіміз, орыс тілі – ұлтаралық қатынас жасау үшін қажет ,ағылшын тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі.**

Тілтанушы Кәкен Аханов ағамыз «Тіл – халықтың тарихы,шежіресі,күллі өмірінің жаңғырығы мен ізі, одан сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, бүкіл рухани өмірінің үні естіліп тұрады. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады» деген болатын. Тіл – біздің өміріміз бен қоғамымыздың ажырамас бөлігі. Тіл мәселесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. «Үш тұғырлы тіл» идеясын алғаш рет Елбасы Н. Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария еткен болатын.

Ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізу, бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады. Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр.

Жезқазған қаласындағы №21 жалпы орта білім беретін мектебі де осы бір ұлы көшке мүмкіндігінше ілесіп келеді. Осы мәселеге байланысты мектебімізде түрлі іс-шаралар өткізіліп келеді. Атап айтсақ, мектебімізде «Білім айдынының ақ кемесі» атты қалалық семинар болып өтті. Онда үш тілде ашық сабақтар, қойылымдар, ертегілер көрсетілді.

5-10 сыныптар арасында «Созвучие великих имен» атты тақырыпта қазақ тілі мен ағылшын тілі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаты болып өтті. Балалардың үш тілде тек ән айтып, өлең оқулары ғана емес, бір-бірімен үш тілде сұхбаттасып, сұрақтарға жауап берулері де көпшілік қауымды тәнті етті. Әртүрлі көрмелер ұйымдастырылды.

Биылғы оқу жылында мектебімізде озық технологиялармен жабдықталған кабинеттер ашылды. Робототехника бойынша жұмыстар жақсы жүргізіліп жатыр. Демек ,балаларымыз үш тілді игеруге жап-жақсы төселіп келеді.

Н.Әбішұлы: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды.Үш тілдің біріншісі,негізгісі,-бастысы,маңыздысы бола береді» - деген ескерту айтқан болатын. Ендеше,басқа тілді білейік,өз тілімізді үш тілдің бірі емес, біріншісі ретінде қадірлейік демекпін. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, сөзімді тағы да Н.Әбішұлының сөзімен аяқтағым келеді: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез кезген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тіліміз» мәңгі жасасын! Тұғырымыз мықты болсын!

**Гүлмира ӘЛЖАНОВА,**
**Жезқазған қаласындағы №21 ЖОББМ қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі**

**«Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген қағиданы ежелден-ақ қатаң ұстанған қазақ халқы жасыл желекті қадір тұтып, қызғыштай қори білген. Осы орайда күзгі тал егу жұмыстары сүйікті қаламыз Жезқазған төсінде де басталып кетті. «Экосфера» қоғамдық бірлестігі мен Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Таза қала – таза ауа» акциясы барысында мысты шаһардың № 21, № 22 ЖОББМ-і мен Жезқазған индустриялды-гуманитарлық колледжі және Жезқазған политехникалық колледжі ауласына талдар егілді.**

# ЖҮЗ ТАЛ ЕКТІ



– «Қазақмыс» корпорациясының демеушілігімен ұйымдастырылған акция Қарағанды облысы бойынша тек екі қалада өткізіліп отыр. Оның бірі – Балқаш қаласы болса, екіншісі – Жезқазған. Екі қалаға жүз-жүзден көшет отырғызылды. Міне, бүгін Жезқазғандағы төрт білім ошағының ауласына терек және қараағаш талдары егілді. Біз үшін қоршаған ортаны қорғау, таза ауаны сақтау, туған жерімізді абаттандыру – өте маңызды. Бұл акция келесі жылы да жалғасын табатын болады, – деді «Экосфера» қоғамдық бірлестігінің өкілі Ербол Тілеуберді.

Шара басында сөз алған Жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиденова жастарды қала келбетінің басты айшығы іспеттес жасыл желектерге жанашырлықпен, қамқорлықпен қарауға шақырды.

Көшеттерді одан әрі күтіп-баптау шаралары «Kazakh Mys» корпорациясы мен оқу орындарының бірлескен жұмыс нәтижесінде жүзеге асатын болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті Тоты Мейірбекқызы Бұзауова!**



Сені 11 қараша туған күніңмен және де профессор ғылыми атағын алуыңмен шын жүректен құттықтаймыз. Айналаң қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа, шат күлкі мен махаббатқа, мейірім мен қамқорлыққа толсын! Әр сәт саған тек бақыт пен қуаныш сыйласын! Жұбайың Ерік екеуің Олжастың жақсылығын, игілігін көріңдер.

Өмір жыры таусылмасын мәңгілік,
Тұрсын алдан арайланып таң күліп.
Бақыт болсын әрқашанда жолыңар,
Шаттығыңыз тау суындай молыңар.

Тілейміз бақытты өмір ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман боп әке-шеше, отбасың мен бауырларың,
Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан!

*Игі тілекпен:* ***ата-анаң, бауырларың***

## *Жезқазған қаласының жылнамасы*

***1996 жыл***

29 қаңтарда «Достық» татар-башқұрттардың қоғамдық-мәдени орталығы ресми тіркеліп, кеңесі құрылды.

8 ақпанда немістердің «Видергебург» орталығы қоғамдық бірлестік болып мемлекеттік тіркеуден өтті.

16 сәуірде Елбасы Н.Назарбаев қызмет бабымен Жезқазғанға келіп, Жезқазған облысы әкімі қызметін атқарған Қ.Нағымановтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты облыс жұртшылығына жаңа әкім Е.Смайыловты таныстырды.

7 тамызда жыл басынан бері тоқтап тұрған «Қазақмарганец» акционерлік қоғамы «Жапонхром корпорейшн» фирмасының басқаруына берілді.

21 тамызда № 26 орта мектеп негізінде № 26 гимназия болып құрылды.

11 қыркүйекте Жезқазған қаласы әкімінің «Қалалық жылу жүйесі» коммуналды мемлекеттік қалалық кәсіпорынын ашу туралы № 787/9 шешімі шықты.

16 қыркүйекте Қазақстанның «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының президенті С.А.Назарбаеваның ұсынысымен Жезқазған қоғамдық «Сәби» балалар қоры құрылды.

4 қазанда қаладағы педагогикалық және тау-кен институттары біріктіріліп, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті құрылды.

4 желтоқсанда Жезқазған қаласы әкімінің денсаулық сақтау саласына үлесін қосқан дәрігер Нәби Рановтың есімін есте қалдыру мақсатында қаладағы Суворов көшесін Н.Ранов көшесіне өзгерту туралы № 1010/12 шешімі шықты.

№ 5 орта мектепке белгілі педагог Қ.Шыңғысовтың есімі берілді.

№ 22 мектеп «Сорос-Қазақстан» қорының грантын жеңіп алды.

«Дезинфекция» облыстық мемлекеттік мемлекеттік бірлестігі құрылды.

Жезқазған мысының ашылғанына ширек ғасыр толды.

Табиғат жанашырларының бастамасымен облыста «Арқар жылы» жарияланды.

***1997 жыл***

1 қаңтардан бастап Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Ұлағат» атты газеті қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

10 ақпанда қалалық білім басқармасына қарасты № 5 балабақша қала әкімінің шешімімен 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін таратылып, оның босатылған ғимаратында ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, кәмелетке толмаған жетім балаларға уақытша жағдай жасау үшін балалар мекемесі ашылды.

3 мамырда Қазақстан Республикасының Президентінің «Әкімшілік аумақтық құрылымдарды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №3483 Жарлығына сәйкес Жезқазған облысы таратылып, оның территориялық аумағы Қарағанды облысының құрамына берілді.

1 шілдеден бастап «Центральный Казахстан» (бұрынғы «Джезказганская правда») газеті шығуын тоқтатты.

12 шілдеден бастап бұрынғы облыстық «Сарыарқа» газеті базасында құрылып, қайтадан ұйымдастырылған «Сарыарқа» қалалық газеті шыға бастады.

12 шілдеден бастап «Жезказганская газета» қалалық қоғамдық-саяси газеті шыға бастады.

Қазан айында «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің «За медь» көп таралымды газеті шығуын тоқтатты.

3 қазанда Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеттің № 2 оқу корпусының алдында академик Ө.А.Байқоңыровтың бюсті салтанатты жағдайда ашылды.

17 қазаннан бастап «Подробности» газеті шығып келеді.

«Наурыз» саябағында қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш қойылды.

Металлургтер алаңындағы Лениннің ескерткіші алынды.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

**Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған қазақ халқы үшін қайырымдылық жасау – ардың ісі. Енді ғана кәсібін дөңгелете бастаған жас кәсіпкер Гаухар Әбдіғали күзгі каникул уақытын пайдаланып, Мәруа Құлышева атындағы балалар үйінің тәрбиеленушілеріне қуаныш сыйлауды жөн көріпті.**



# ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛТТІ

– «Happy Time» балалар кафесін қыркүйек айында аштым. Және балалар үйінің бүлдіршіндеріне мереке жасап бергім келді. Ұсынысымды балалар үйінің директорына жеткізіп едім, ол келісе кетті. Балалар деген – біздің болашағымыз. Олар ата-ана мейірімінен қағылса да, қоғамға, мемлекетке қажетті екендерін сезіп ержетуі керек. Бүгін мен олардың көңіліндегі қаяуды сейілтіп, езулерін күлкіге толтырсам бақыттымын, – деген Гаухар Есенбайқызы қайырымдылық шарасын бүге-шүгесіне дейін ойластырған.

Жайылған ақ дастарқанға балалар сүйіп жейтін тағамдар мен сусындарды ғана қойған. Одан бөлек кішкентайлардың сүйікті мульткейіпкерлерін арнайы шақырыпты. Ойын бұрышында әбден аунап-қунаған балалар аниматорлардың викториналық сұрақтарына жарыса жауап беріп, мәз-мейрам болысты. Кездесуді музыкамен әрлеген ди-джейлер би айқасын өткізді. Нәтижесінде балалардың бәріне сыйлық ретінде киім-кешек үлестірілді.

Балалардың бос уақытын тиімді әрі көңілді өткізуге атсалысқан Гаухар Әбдіғалиге балалар үйінің тәрбиешілері үлкен алғыс білдіріп, ісіне береке тіледі.

**Бота ШАЛҚАР**

## АТАУЛЫ КҮН

# 8 ҚАРАША – ТАРИХТА

*1997 жылы 8 қарашада Алматыдағы Президент резиденциясында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағын Ақмола қаласына (қазіргі Астана қаласы) шығарып салу салтанаты өтті.*

*2002 жылы дәл осы күні Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1186 қаулысына сәйкес ҚазААГ негізінде «Қазақ ақпарат агенттігі» Ұлттық компаниясы («ҚазАқпарат» ҰК) құрылды.*

*2000 жылы Париждегі ЮНЕСКО үйінде Түркістан күндері өткізілді.*

*8 қараша Қытай Халық Респубикасында журналистер күні болып бекітілген.*

*Америка Құрама Штаттарында 8 қараша – әкелер күні.*

*Ал, Ресей Федерациясы бұл күнді көңілді тапқырлар клубының (КВН) күні ретінде атап өтеді.*

# ДЕРТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

**Айтылып та, жазылып та жүрген ЖИТС дертінен бейхабар жан жоқ дерсіз?! Дегенмен, мамандар статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, халықтың аз ақпараттанғанын айтып дабыл қағуда. Бұған себеп – айықпас дертке шалыққандардың қатары күн санап өсуі. Сонымен қатар, ЖИТС есірткі қабылдап, жөн-жосықсыз төсек қатынасына түсетіндерде ғана кездеседі деген пікір де өз өзектілігін жоғалтуда.**



Қазір аталған вирус еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін ауыз салды. Сондықтан, еліміз бойынша ЖИТС-тің алдын алу және күрес орталығы жыл бойы шара өткізіп, тұрғындарды хабардар етуден жалыққан емес. Ал, 1 желтоқсан – дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні қарсаңында үгіт-насихат жұмыстары тіпті күшейтіліп, бір ай бойы акция өтеді. Биыл айлық «Қоғамдастықтардың маңызы» тақырыбында өтпек. Бұл жөнінде «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалында өткен баспасөз конференциясында Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және күрес орталығы Жезқазған бөлімінің меңгерушісі Гүлнәр Телбаева мәлімдеді.

– Цифрлар көңіл көншітпейді. Жыл сайын дертті жұқтырғандардың қатары артып жатыр. Мысалы, әлем бойынша ЖИТС-ке шалдыққан 35 мыңнан астам адам тіркелсе, оның 5840-ы қазақстандық. Ал, олардың ішінен 354-і – Қарағанды облысының тұрғыны. Жезқазған аймағындағы жағдайға келер болсақ, біздегі ахуал тұрақты. Биыл дерті бар 5 адам анықталды. Науқастардың жалпы саны 77-ге жетті. Жезқазған қаласында 50 науқас, Сәтбаев қаласында 21 науқас, қалғандары Қаражал қаласында тұрады. Иммун тапшылығы вирусын жұқтырған 1 бала барын да айта кеткен жөн. Оның анасы жүктілік кезінде дәрігерлердің қарауында болмағандықтан, баласына ауру жұқтырған. Соңғы жылдары ғалымдар дертке қарсы дәріні ойлап табуға күш салуда. Дегенмен, әзір нәтижесіз. Бірақ, арнайы терапия арқылы науқастың өмірін ұзартуға әрі сау бала тууға мүмкіндік жасалған. Осы күнге дейін ЖИТС дерті бар 15 ана жүктілікпен есепке тұрған. Оның тоғызы бүгінде сау баланы дүниеге әкелді. Баланың бойында вирустың бар-жоғын анықтау нәресте туғаннан кейін 1,5 жылдан кейін ғана мүмкін. Сондықтан, биыл туған төрт нәрестенің денсаулығы туралы кесіп айту қиын. Олардың бәрі дәрігердің қарауында, – деп баяндамасын бастаған Гүлнәр Телбаева науқастарды қолдауда үкіметтік емес ұйымдардың рөлі зор екеніне тоқталды. Және Жезқазған-Ұлытау өңірінде мұндай қоғамдық бірлестіктері жоғын айтып, қынжылды.

– Әрине, ЖИТС дерті анықталған тұлғаларға қиын. Олар алдағы өмірін ойлап қынжылмайды. Көп жағдайда оларды «жұрт не дейді?» деген алаңдатады. Сондықтан, олар стресс пен депрессияға бейім келеді. Қоршаған ортадан қол үзіп, болашағына балта шабады. Тұрмыс құрмауға, бала тумауға шешім қабылдайды. Өз дертімен бетпе-бет алған оларға психологиялық және моральдық, құқықтық көмек өте қажет. Біз өз тарапымыздан барлық қолдау шараларын жүргіземіз. Дегенмен, ол аздық етеді. Сондықтан, біздің науқастар Қарағанды, Астана секілді ірі қалалардағы қолдау орталықтарының көмегіне жүгінуге мәжбүр, – деген ол қаладағы қоғамдық бірлестіктерді белсенділікке шақырып, халықаралық ұйымдардың гранттары мен мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысуға шақырды.

Келесі болып сөз алған орталықтың эпидемиолог дәрігері Гүлбаршын Әлиева «Қауымдастықтардың маңызы» ұранымен өтетін шаралар легімен таныстырды. 5 қарашадан желтоқсан айының 5-іне дейін жалғасатын акция бүкіл қала және ауыл тұрғындарын қамтуды мақсат еткен. Оның ішінде жастарға басымдық берілген. Қала мектептері мен колледждерінде түрлі кездесулер ұйымдасытырылып, «Ғасыр дерті», «Біздің болашағымыз өз қолымызда» тақырыбында шығарма байқауы өтпек. «Кемсітушілікке жол жоқ» тақырыбында медицина мекемелерінде өтетін ашық есік күндерінде де дерттен сақтанудың жолдары кеңінен айтылатын болады. Сонымен қатар, барлық кәсіпорын, мекеме жұмысшыларының қатысуымен кең көлемдегі акциялар мен семинарлар өткізу жоспарланған.

Сала мамандары тұрғындар «Сақтансаң, сақтайды!» деген қағиданы қаперге ала отырып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараса дейді. Және дертті жұқтырып алмаудың жолдарын терең білуге шақырады. Білмеген жағдайда мамандардан сұрап, білуге ұялмау керектігін айтады. Сонда ғана ЖИТС дертінің таралуы бәсеңдемек.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# БАР ИГІЛІК – ЖАСТАРҒА

**Жезқазған политехникалық колледжі базасындағы спорт залы көптен бері күрделі жөндеуді қажет етіп тұрған болатын. Оны күрделі жөндеуден өткізу ұсынысы әкімдік тарапынан қолдауға ие болып, спорт зал жаңа кейіпке енді. Сондай-ақ, қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталды. Жөндеу жұмыстарына барлығы 3 млн 900 мың теңге қаржы жұмсалған. Колледж жастары бұл жерге келіп, түрлі спорттық секцияларға қатысуға мүмкіндік алып отыр.**



Жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануына барынша жағдай жасалған залдың ашылуына Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиденова, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы «Jas Otan» жастар қанатының жетекшісі Абай Бағчай, Қазақстан Республикасының спорт шебері, ұлттық жоғары санаттағы төреші, бокс бапкері Мұқашбек Аманов, Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер, бокс бапкері Рүстем Қадыр, байдарка мен каноэ есуден әлемдік дәрежедегі спорт шебері, Жезқазған политехникалық колледжінің түлегі Александр Гудилов және «Каратэ до Кэкуншинкай» федерациясының өкілдері, Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткерлер Болат Смағұлов пен Альгис Дебесис қатысып, жастарға ақ тілектерін арнады.

Ел Әнұранымен басталған шара сап түзеген жастардың көк туымызды көкке көтеруімен жалғасты.

– Жастар жылында жаңа келбетке еніп отырған спорт залымыз студенттер игілігіне жұмыс жасайтын болады. Оқу ордамыздан шыққан көпке белгілі спортшылар аз емес. Бұдан әрі де білімді әрі білікті мамандар даярланатынына сенім мол. Құрметті, жастар, сіздер біздің болашағымызсыздар. Ерік-жігерлеріңізді бекем етіп, әрдайым алға ұмтылыңыздар, кез-келген қиыншылыққа төтеп бере біліңіздер. Мен және барша колледж оқытушылары сіздерге зор сенім артады, – деді шара басында сөз алған колледж директоры Бота Аман. Қаламыздағы қоғамдық өмірге белсене араласып, көпке үлгі болғандығы үшін колледж ұжымы мен студенттеріне жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиденова арнайы Алғыс хатын табыстады.

Шара барысында колледж жастары музыкалық нөмірлер әзірлеп, жиналған қауымға жақсы көңіл-күй сыйлады. Ағашты дәл ортасынан қақ бөлген «Каратэ до Кэкуншинкай» федерациясының өкілдері де түрлі каратэ әдіс-тәсілдерін ортаға салып, көпшілікті таң-тамаша етті.

Шара соңы колледж жастарынан құралған командалар арасындағы спорттық ойындармен қорытыланды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

# ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**Республика деңгейінде өткен «Протон» командалық-штабтық оқу-жаттығуы Жезқазған қаласында жалғасын тапты. Оны Жезқазған қаласының төтенше жағдайлар басқармасы ұйымдастырып, біздегі жауапты мекемелердің мамандары мен техниканың дайындығын пысықтады.**



– 31 қазан мен 1 қараша аралығында ел аумағында командалық-штабтық оқу жаттығуы жүргізіліп жатқаны белгілі. Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшыру кезінде зымыран-тасығыштардың аварияларымен байланысты төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін басқару, өңірлік құрылымдық күштердің дайындығын пысықтау, – деп «Жігер» жедел штабының отырысын ашқан төтенше жағдайлар басқармасының азаматтық қорғаныс тобының аға офицері Дулат Асанов «Апат» дабылы Жезқазған қаласына да берілуі мүмкін екенін жеткізді және отырысқа қатысушы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі эвакуациялық комиссиялар, азаматтық қорғау қызметтері және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мамандарын сақадай сай болуға шақырды.

– «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылатын зымыран тасығыштары апатлық жағдай туғызатыны бәрімізге белгілі. Оның қаншалықты қауіпті екенін түсіндірудің өзі артық сияқты. Мұндай жағдай орын алған сәтте біздер дереу әрекет жасап, апатты жоюымыз қажет. Бүгін біз өзіміздің дайындықты пысықтай отырып, әлі де жетілдіру қажет тұстарымызды білетін боламыз, – деген Дулат Асанов жедел штабтың мүшелерімен оқу-жаттығудың келесі кезеңін өткізу мақсатында кездесетін орын мен уақытты белгіледі.

Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды орындау кезінде авариялық-құтқару қызметтерінің өзара әрекеттестік тәртібін әзірлеу мен авариялық-құтқару қызметтері мен тұрғындардың дайындығы мен қабілет деңгейін жоғарылатуды мақсат еткен командалық-штабтық оқу-жаттығуына Жезқазған қаласынан барлығы 29 адам мен 10 бірлік техника жұмылдырылды. Және оқу-жаттығудың қорытындысы бойынша олардың дайындығы жоғары деңгейде екені анықталды.

**Бота ШАЛҚАР**

# ӘЗІЛКЕШТЕР САЙЫСЫ

**Халық арасынан «Күлкі өмірді ұзартады» деген пікірді жиі еститініміз рас. Ғылымда күлкіні зерттейтін сала гелотология деп аталады. Бұл саланы зерттеуші мамандардың айтуынша адам баласы күлген сәтте организмде бақыт гармоны деп аталатын эндорфин бөлініп, қан тамырлары жасушаларына белсенді түрде оттек тасымалданады екен. Астарлы әзіл мен қағытпа қалжыңды серік етіп, көрерменді күлкіге қарық қылып жүрген жастар біздің қаламызда да жетерлік. Әдемі әзілмен мысты шаһарды күлкіге кенелтуді мақсат тұтқан жас әзілкештер жайдарман сайысында Жезқазған қаласы әкімінің кубогын сарапқа салды.**



Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығының басшысы Ботакөз Мұхиденова, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы, «Jas Otan» жастар қанатының жетекшісі Абай Бағчай, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек, Жезқазған бизнес және көлік колледжі құрылтайшысының кеңесшісі Мұқағали Сейтқазы, «Usen Studio» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Үсен Есен, «Жаржар шоу» ансамблінің директоры Абылайхан Еркін қазылық еткен жайдарман сайысында сегіз команда, яғни, Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі жастарынан құралған «Сарыарқа ұландары», Жезқазған тау-кен және металлургия колледжі жастарынан құралған «Көз тимесін», Жезқазған бизнес және көлік колледжі жастарынан құралған «ЖКБИТ жастары», Жезқазған технология және сервис колледжінің «676», Жезқазған гуманитарлық колледжінің «ЖезГум», Жезқазған жоғары медициналық колледжі жастарынан құралған «103», Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті жастарынан құралған «ЖезУ жігіттері» және қала жастарының «Еркін құрама» командалары бақ сынады. Сайыс барысында командалар өздері дайындап әкелген әзілдерін көрермендерге ұсынды.

Сайыс соңында сөз алған қазылар алқасы республикалық жайдарман ойынының сахнасында өнер көрсетіп жүрген «ЖезУ жігіттері», «Сарыарқа ұландары» және «103» командаларына дайындықты нығайтуды тапсырып, әдепсіз әзілдерді көп қолданған «ЖезГум» командасына ескерту жасады. Қазылар шешімі бойынша командаларға Алғыс хаттар табысталып, III орынды «ЖезГум», II орынды «ЖКБИТ жастары», I орынды «103» командалары қанжығалады. Ал бас жүлде Жезқазған қаласы әкімінің кубогі «ЖезУ жігіттері» командасына бұйырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## СПОРТ

# ӘЛІ ДЕ БАБЫНДА

**Кипрдің Лимассол қаласында өткен Әлем чемпионатында жезқазғандық Думан Хасенов топ жарып, ел қоржынына қола жүлде салды.**



– Бұл – менің байрақты бәсекеге 24 жыл үзілістен кейін шығуым. Бес дүркін әлем чемпионы атанған орыс балуанын есе жіберіп, алтыннан қол үзіп қалдым, – деген Думан Хасенов – самбо мен қазақша күрестен спорт шебері. Бүгінде шәкірт тәрбиелеп жүрген ол өз бағын байқап көрмек мақсатында, ардагерлер арасында өткен чемпионатқа бет алған. Әлемнің 16 мемлекетінен ағылған 250 спортшының ішінен суырылып шыққан жерлесіміз 74 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Ақтық сында тағы бір орыс спортшысымен кездесіп, оны 5:1 есебімен ұтты.

– Самбо 2020 жылдан бастап олимпиадалық ойындардың қатарын толықтырады деген жақсы жаңалық жетті. Бүгінде менің қол астымда 13 жасар болашағынан зор үміт күттіретін жастар самбоның қыры мен сырына қанығып жүр. Жалпы, еліміз бойынша самбо күресінен жақсы нәтиже көрсетіп жүрген балуандар көп. Бұл дегеніміз еліміздің көк байрағы әлі сан мәрте әлемдік аренада желбіреп, Әнұранымыз асқақтай бермек. Біздер, яғни бапкер-жаттықтырушылар осы жолда талмай еңбектенуге дайынбыз, – деп ағынан жарылған ардагер спортшысы жеңісімен құттықтай отырып, мерейін үстем ететін шәкірттері биіктен көріне берсін демекпіз.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**